

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ

«ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ» КАФЕДРАСЫ

**НИГМЕТОВА Г.Ж.**

**«ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП-1» ПӘНІ БОЙЫНША**  
050508 «БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ» МАМАНДЫҒЫНДА  
ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҰҚСАУЛАР**

**Ақтау-2011**

УДК 336 (045)

Құрастырушы: Нигметова Гульжан Жалеловна. «Қаржылық есеп-1». Пән бойынша әдістемелік нұсқаулар – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011ж., .64бет.

Рецензент: к.э.н. Жумурова А.К.

Бұл әдістемелік нұсқауларда қаржылық есеп-1 пәні бойынша теориялық және практикалық жағынан шаруашылық субъектілерде қолданылатын негіздер берілген. Оқу жұмыс жоспарына, қысқаша дәріс тезистерінен және студенттерге арналған жеке тапсырмалардан тұрады.

Баспаға Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған.

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010ж.

## Кіріспе

«Қаржылық есеп-1» пәні бухгалтерлік есеп принциптері курсының жалғасы, бухгалтерлік есеп мамандығында оқитын студенттерге арналған. Бұл курста кәсіби ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін іргелі тақырыптар оқытылады. Пәнді оқып-үйрену мақсаты, студенттерді кәсіпорындарда қаржылық есепті жүргізу тәртібіне, оны халықаралық стандарттарға сай ұйымдастыра білуге үйрету. Сондай-ақ студенттердің қаржылық есептіліктің стандарттарын меңгеріп, оларды есеп тәжірибесінде қолдану дағдысын жақсартуға, сондай-ақ басқару шешімдерін қабылдап, әрі талдау жасаумен байланысты кәсіби ойлау биімділігін жетілдіруге ықпал ету.

Пәнді оқыту міндеттері:

- Нарықтық экономика жағдайындағы қаржылық есептің рөлін түсіну, ресурстардың барлық түрлерін пайдаланудың заңдылығы мен орындылығын бақылаудағы оның міндеттерін білу;
- Кәсіпорынның есеп процесін ұйымдастыру тәртібін меңгеру;
- Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын үйрену;
- Кәсіпорынның есеп экономикалық қызметімен байланысты сұрақтарын өз бетінше шешуге дағдылану.

### Курс мазмұны:

Курс 4 семестрге есептелген. Студент семестрлер ішінде 2 бақылау жұмыстарын және семестр соңында экзамен тапсыру керек. Оқу семестріне есептелген қосымша тапсырмалар келесідей:

1. Баяндама.
2. Реферат.
3. Зерттеу, талдау және жағдайы.
4. Практикалық және теориялық тапсырма.

-

## 2. Пәннің оқу-әдістемелік құралдары Сабақтардың тематикалық жоспары.

№	Тақырыптар атауы	Лекция	Практик	СӨЖ	СОӨЖ
1	Ақша қаражаттары мен оның эквиваленттерінің есебі	2	2	10	-
2	Дебиторлық қарыздар есебі.	2	2	10	-
3	Қорлар есебі	2	2	8	-
4	Негізгі құралдар есебі: бастапқы тану, бағалау және амортизация.	2	2	8	-

5	Материалдық емес активтердің есебі	2	2	8	-
6	Міндеттемелер есебі	2	2	8	-
7	Табыстардың және шығыстардың есебі	1	1	8	-
8	Меншікті капитал есебі	1	1	8	-
9	Қаржылық есептілікті ұсыну	1	1	8	-
	Барлығы:	15	15	76	-

### **Тақырып 1. Ақша қаражаттары мен оның эквиваленттерінің есебі**

#### **1 сағат**

1. Ақша қаражаттары мен оның эквиваленттерінің есебі.
2. Кассадағы ақшаның есебі.
3. Банктегі ақша қаражаттарының есебі.
4. Банктегі валюта шотындағы ақшаның есебі.

#### **Семинар жоспары.**

1. Бухгалтерлік есептің тұжырымдамалары, стандарттары және қағидалары.
2. Ақша қаражаттарының және оның эквиваленттерінің есебі.
3. Ақша қаражаттарының қозғалысы жөнінде есеп беру.

### **Тақырып 2. Дебиторлық қарыздар есебі.**

#### **1 сағат**

1. Дебиторлық қарыздар, оның түрлері: қысқамерзімді және ұзақмерзімді.
2. Алынуға тиісті шоттар есебі.
3. Ұсынылған шегерімдер есебі.
4. Сатылған тауарларды қайтару және сатудан жеңілдіктер есебі.

#### **Семинар жоспары.**

1. Дебиторлық қарыздар есебі.
2. Күмәнді борыштар есебі.
3. Күмәнді борыштарды бағалау әдістері.

### **Тақырып 3. Қорлар есебі**

#### **1 сағат**

1. Тауарлы-материалдық қорларды бағалау
2. Материалдық қорлардың қозғалысын есепке алу жөніндегі құжаттама
3. Қоймалардағы және сақтайтын орындардағы материалдық құндылықтардың есебі
4. Материалдық құндылықтардың бухгалтериядағы есебі

### **Семинар жоспары.**

1. Материалдың өндірістегі жұмсалыуына бақылау жасау әдістері
2. Тауарлы-материалдық құндылықтарды түгендеу
3. Қорларды ішкі бақылаудың тиімді жүйесі.

### **Тақырып 4. Негізгі құралдар есебі: бастапқы тану, бағалау және амортизация.**

#### **1 сағат**

1. Негізгі құралдарды жіктеу, бағалау және есебінің міндеттері.
2. Негізгі құралдарды сатып алу есебі.
3. Негізгі құралдарды есептен шығару есебі.
4. Негізгі құралдардың амортизация есебі.

### **Семинар жоспары.**

1. Кезекті күрделі шығындар.
2. Негізгі құралдарды жөндеу.
3. Амортизация есептеу әдістері.
4. Негізгі құралдарды қайта бағалау әдістері.

### **Тақырып 5. Материалдық емес активтердің есебі**

#### **1 сағат**

1. Материалдық емес активтердің тану критерилері.
2. материалдық емес активтерді жіктеу және олардың сипаттамасы.
3. Материалдық емес активтерді сатып алу есебі.
4. Материалдық емес активтердің амортизациясы.

### **Семинар жоспары.**

1. Бастапқы тану және бағалау.
2. Ішкі құрылған сауда белгілері, іскерлік бедел
3. Ауыстыру негізінде алынған материалдық емес активтерді бағалау.
4. материалдық емес активтерді қайта бағалау.

### **Тақырып 6. Міндеттемелер есебі**

#### **1 сағат**

1. Банктер мен банктен тыс мекемелердің несиелері мен зайымдары есебі.
2. Төленуге тиісті шоттар мен төленуге тиісті векселдер.
3. Еңбекақы төлеу бойынша персоналдармен есеп айырысу есебі.
4. Бюджетпен есеп айырысу есебі.

### **Семинар жоспары.**

1. Еңбекақы нысандары мен жүйелері.
2. Зейнетақы қорына аударымдар есебі.
3. Әлеуметтік салыққа және әлеуметтік сақтандыруға аударымдар есебі.
4. Тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету және жұмыстарды атқару үшін алынған аванстар бойынша есеп айырысу.

## **Тақырып 7. Табыстардың және шығыстардың есебі**

### **1 сағат**

1. Негізгі қызметтен алынған кірістер.
2. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып жөніндегі шығыстар
3. Негізгі емес қызмет жөніндегі кірістер және шығыстар

### **Семинар жоспары.**

1. Табыстар мен шығыстар түсінігі.
2. Табыстар мен шығыстарды тану критерилері.
3. Кезең шығындары: өткізу бойынша шығыстар, жалпы әкімшілік шығыстары, сыйақы бойынша шығыстар.

## **Тақырып 8. Меншікті капитал есебі**

### **1 сағат**

1. Жарғылық капиталды қалыптастыру тәртібі және оның ұйым түріне байланысты мөлшері.
2. Серіктестіктегі меншікті капитал есебі.
3. Төленбеген капитал есебі.

### **Семинар жоспары.**

1. Жарғылық капитал есебі.
2. Резервтік капитал есебі.
3. Акционерлік капиталды алу, дивиденттер.

## **Тақырып 9. Қаржылық есептілікті ұсыну**

### **1 сағат**

1. Қаржылық есептіліктің мақсаты және компоненттері.
2. Қаржылық есептіліктің құрылымы мен мазмұны.
3. Пайда мен залал туралы есептілік.

### **Семинар жоспары.**

1. Баланста көрсетілуге тиісті ақпараттар.
2. Меншікті капиталдың өзгерісі туралы есептілік
3. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептілік.

### **СОӨЖ-ге арналған бақылау сұрақтары**

**СОӨЖ 1.** Шаруашылық операциясын қандай бухгалтерлік жазбамен көрсеткен жөн: «Есеп айырысу шотынан кәсіпорын кассасына 20000 тенге алынды»

**СОӨЖ 2.** «Альтаир» ЖШС-і аумағында 1200000 теңгенің құрылысы орналасқан жер учаскесін сатып алды. Жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттің көрсеткен қызметінің құны-23000 теңге, шарт жасау жөніндегі заңгер көрсеткен қызмет құны-15600 теңге, құрылысты бұзу шығындары-35000 теңге, үйді бұзудан алынған табыс 12300 теңге, учаскені тазалау және тегістеу жөніндегі шығындар 7000 теңге. Учаскенің бастапқы құны қанша теңге құрайды.

**СОӨЖ 3.** Шаруашылық операциясын қандай бухгалтерлік жазбамен көрсеткен жөн: «Үйлер мен жеңіл автомобильдер сатып алу».

**СОӨЖ 4.** Станоктың құны-20000 теңге. Болжамды жою құны-2000 теңге. Пайдалану мерзімі 10 жыл. Құнды біркелкі (тікелей) есептен шығару әдісі бойынша амортизациялық құнды табыңыз.

**СОӨЖ 5.** Дт 1010 Кт 1040 бухгалтерлік жазбасы нені білдіреді?

**СОӨЖ 6.** Шаруашылық операциясы қандай типке жатады: «Қантар айының жалақысынан табыс салығы ұсталды»?

**СОӨЖ 7.** Шаруашылық операциясын қандай бухгалтерлік жазбамен көрсеткен жөн: «Көмекші өндірітерге материалдар босатылды»?

**СОӨЖ 8.** Дт 1310 Кт 3310 бухгалтерлік жазбасы нені білдіреді?

**СОӨЖ 9.** Шаруашылық операциясы бойынша шоттар корреспонденциясын құрыңыз: «Әкімшілік-басқару персоналына жалақы есептелді»?

**СОӨЖ 10.** Дт 7110 Кт 3350 бухгалтерлік жазба нені білдіреді?

**СОӨЖ 11.** Шаруашылық операциясы қандай типке (түрге) жатады: «Материалдар үшін жеткізушілерге берешекті өтеуге есеп айырысу шотынан ақша аударылды»?

**СОӨЖ 12.** Кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысынан табыс салығын ұстап қалу бухгалтерлік есептің шоттарында қалай көрсетіледі?

**СОӨЖ 13.** Негізгі өндірістің қажеттіліктері үшін қоймадан шикізаттар мен материалдар босатылған кезде қандай бухгалтерлік жазба жасалады?

**СОӨЖ 14.** Кәсіпорын қызметкерлеріне кассадан жалақы беру бухгалтерлік есептің шоттарында қалай көрсетіледі?

**СОӨЖ 15.** Шаруашылық операциясын қандай бухгалтерлік жазбамен көрсеткен жөн: «Іссапар шығындары үшін есеп беруіне ақша берілді»?

**СОӨЖ 16.** Активтік шоттарда соңғы сальдо қалайша анықталады?

**СОӨЖ 17.** Пассивтік шоттарда соңғы сальдо қалайша анықталады?

**СОӨЖ 18.** Дт 2410 Кт 5020 бухгалтерлік жазба нені білдіреді?

**СОӨЖ 19.** Шаруашылық операциясын қандай бухгалтерлік жазбамен көрсеткен жөн: «Көмекші өндірістерге материалдар босатылды»?

**СОӨЖ 20.** Дт 1310 Кт 1010 бухгалтерлік жазбасы нені білдіреді?

### **Әдебиет тізімі**

1.ҚР «Бухгалтерлік есеп туралы» Заңы 26.12.1996 ж.

2.Бухгалтерлік есеп стандарттары. г.Алматы, 1996ж.

3.Бухгалтерлік есеп шоттарының Типтік жоспары

4.Бабаев Ю.А. Теория бухгалтерского учета. Москва, «Аудит», 1999г.

5.Баймуханова С.Б., Балапанова Ә.Ж. Бухгалтерлік есеп, Алматы, 2001ж.

6.Ержанов М.С., Ержанова С. Учетная политика. Алматы, 1997г.

7.Качалин В.В. Финансовый учет и отчетность в соответствии со стандартами ГААР. Москва, 2000г.

8.Медведев Г.А. Начальный курс финансовой математики. Москва, 2000г.

9.Мэтьюс М.Р., Перера М.Х.Б.Бухгалтерлік есеп теориясы . Москва, 1999ж.

10.Нидлз Б., Андерсон Х., Колдуэлл Н. Бухгалтерлік есеп принциптер. Москва, 1996ж.

11. Радостовец В.К., Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп, Алматы, 2002ж.
12. Кеулимжаев К.К., Айтхожина Л.Ж., Ажибаев З.Н. и др. Қаржылық есеп. Экономика, Алматы, 2003ж.
13. Кирьянова Э.К. Бухгалтерлік есеп теориясы. Москва, 1995ж.
14. Салина А.П. Қаржылық есеп. Алматы, Экономика, 2004ж.
15. Салина А.П. Бухгалтерлік есеп принциптер. Алматы, Экономика, 2003ж.
16. Соколов Я.В. Очерки по истории бухгалтерского учета. Москва, 1991г.
17. Укашев Б., Ажибаева З. Бухгалтерлік есеп теориясы
18. Энтони Р., Рис Д.Ж. Учет: ситуации и примеры. Москва, 1996г.

### **Тақырып 1. Ақша қаражаттары мен оның эквиваленттерінің есебі**

1. Ақша қаражаттары мен оның эквиваленттерінің есебі.
2. Кассадағы ақшаның есебі.
3. Банктегі ақша қаражаттарының есебі.
4. Банктегі валюта шотындағы ақшаның есебі.

### **Қысқаша дәріс мазмұны**

Қ.Р Қаржы Министірілігінің жанындағы «Бухгалтерлік есеп және аудит әдістемесі департаментінің» №4 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп»- деп аталатын бухгалтерлік есеп стандартының бірінші басында : «Кәсіпорындар мен ұйымдардың, яғни субъектілердің ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебі осы деректі пайдаланушылардың түрлі операциялық және инвестициялық қаржы қызметі бойынша есепті кезеңдегі ақша»- деп аталатын бухгалтерлік есеп стандартының бірінші бабында: «Кәсіпорындар мен ұйымдардың, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебі осы деректі пайдаланушылардың түрлі операциялық ж/е инвестициялық қаржы қызметі бойынша есепті кезеңдегі ақша қаражаттарының келіп түсуі, кірістелуі ол қаржылардың жұмсалыуы туралы ақпараттармен қамтамасыз етіп ж/е оларға осы заңды тұлғаның қаржы жағдайындағы бағалауына мүмкіндік береді.

Ақшамен қаржылармен есеп айырысу операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу мен оны ұйымдастырудың мақсаттары мыналар болып табылады:

1. Ақшамен есеп айырысу операцияларын толық ж/е уақытылы дер кезінде есептеу.
  2. Субъектідегі ақшалай қаржылардың түгелдігін ж/е оларды дұрыс, тиімді пайдалануды бақылау.
  3. Есеп айырысу, төлеу тәртібін бақылау, кәсіпорынның, ұйымның немесе фирманың ақшалай кірістері мен шығындарын дұрыс есептеу.
- 411- «Жолдағы ақшалай қаражаттар» шотында ақша қаражаттарын есептеу үшін мынадай құжаттар болуға тиіс:
- Саудадан немесе басқа да операциялардан түскен түсімді банкінің қабылдағанын дәлелдейтін құжат.
  - Почта бөлімінің ақшаны қабылдағаны жайлы квитанциясы.



- Басқа кәсіпорындардан олардың ақша аударғаны жайлы берген авизасы. Аккредитив – сатып алушыға қызмет ететін банк мекемесінің осы кәсіпорынды немесе ұйымды жабдықтайтын шаруашылық субъектісіне қызмет көрсететін банк мекемесіне тауарларының жіберілгендігін немесе қызметтерінің көрсетілгендігін дәлелдейтін құжаттар бойынша төлем төлеу жайлы тапсырмасы.

Курс (бағам) – бұл ҚР Ұлттық банк мекемесі белгілеп отыратын екі ел ақша бірліктерінің (валюталарының) өзара қатынасы.

1040- «Есеп айырысу шотындағы ақшалар» - деп аталатын шоттың кредитінде жазылған операциялар номері 2-журнал-ордерде, ал дебетінде жазылған операциялар осы журналдың ведомосында есептелінеді.

Есеп айырысу шоттарындағы қаражаттар заңда көрсетілген белгілі тәртіп бойынша шот иесінің жазбаша бұйрықтары негізінде белгілі ғана пайдаланылады.

Әрбір кәсіпорындар мен ұйымдардың, шаруашылық объектілерінің қолда бар нақты ақшалай қаражаттарын сақтайтын өздерінің кассасы болуы керек. Касса арнайы жабдықталған, едені мен төбесінен ешқандай адам кіре алмайтындай етіп едені жабылған, терезесі мен есігіне темірден тор қойылған ж/е дыбыстық белгі беретін қондырқылар орнатылған, өрттен сақталатындай түрлі материалдармен қапталып жасалған бөлмеде орналастыруды қажет етеді.

1010- «Кассадағы ұлттық валютасы түріндегі нақты ақша» ж/е 1020- «Кассадағы шетел валютасы түріндегі нақты ақша» - деп аталатын шоттар бойынша жүргізілетін операциялардың есебі: кредиті бойынша номері бірінші журнал-ордерде, ал дебеті бойынша осы журнал-ордердің ведомосында жүргізіледі. Кассаның кірісі бойынша операциялар №1 санды журнал-ордердің ведомосында, ал шығысы бойынша операциялар №1 санды журнал-ордерде жүргізіледі.

## **Тақырып 2. Дебиторлық қарыздар есебі.**

1. Дебиторлық қарыздар, оның түрлері: қысқамерзімді және ұзақмерзімді.
2. Алынуға тиісті шоттар есебі.
3. Ұсынылған шегерімдер есебі.
4. Сатылған тауарларды қайтару және сатудан жеңілдіктер есебі.

### **Қысқаша дәріс мазмұны**

Дебиторлық борыш – деп белгілі бір қарым-қатынасқа байланысты заңды ж/е жеке тұлғалардың шаруашылық субъектісінің алдындағы сатып алған тауарлары, субъектілердің оларға көрсеткен үшін, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметкерлердің субъектіден аванс ретінде алған немесе несиеге, қарызға алған тауарлары мен материалдары үшін қайтаруға тиісті борыштарын айтады. Есеп беретін уақыттан кейінгі бір жыл ішінде алынатын дебиторлық борыштар ағымдағы активтер қатарында есептелінеді. Олардың қатарына жататындар:

- ағымдағы активтерді сатып алуға төленген аванстық төлем;
- вексельдер бойынша алынуға тиісті борыштар;

- негізгі шаруашылық серіктестігі мен оның еншілес серіктестігі арасындағы түрлі операциялар негізінде туындаған дебиторлық борыштар;

- акционерлік қоғамның лауазымды адамдарының дебиторлық борышы.

Дебиторлық борыштар есебіне мына төмендегі аталған есептілік тіркелімдер (регистрлер, құжаттар) пайдаланылады:

№7 Журнал-ордер – 1250 «Жұмысшылар мен басқа да тұлғалардың борышы»

№8 Журнал-ордер – 1420 «Алынуға тиісті қосылған құн салығы»

1610 «Берілген аванстар»

№10 Журнал-ордер 1290 «Күдікті қарыздар бойынша резерв»

1620 «Алдағы кезең шығындары»

№11 Журнал-ордер 1210 «Сатып алушылар ж/е тапсырыс берушілердің борышы

1220 «Еншілес (тәуелді) серіктестіктердің дебиторлық борышы».

Сатып алушылар мен тапсырыс берушілер ж/е басқадай дебиторлармен есеп айырысудың есебі бойынша жоғарыда аталып өткен регистрлерден басқа дебиторлық борыштардың есебіне аналитикалық есептің карточкаларын, ажырату қағаздарын, бухгалтерлік анықтамаларды ж/е тағы да басқа құжаттарды қолданған дұрыс болып табылады.

1210 «Сатып алушылар ж/е тапсырыс берушілердің борышы» - деп аталатын бас шоттың бөлімше шоттары, сатып алушылармен тапсырыс берушілердің субъектіге деген әртүрлі қағаздары жайлы ақпараттарды қорытындылау үшін арналған. Аталған бөлім келесідей шоттар жайлы ақпараттарды ашып көрсетеді:

1210 - «Алынуға тиісті шоттар»,

1280 - «Басқалары». Бұлар активті шот болып табылады. Сондықтан да бұл шоттардың дебетінде борыштың сомасы жазылса, ал кредитінде борыштың азайуы көрсетіледі.

Тауарларды сату мен сатып алу кезіндегі барлық қатынастар жеткізу келісімдері, консигнация жайлы келісімдер мен сату және сатып алу келісімдері, сондай-ақ келісім-шарттарымен және тағы да басқа құжаттар құқықтық рәсімделуі қажет.

**Жай вексель-** борышкердің (қарызкердің) жазбаша өкімі бойынша міндеттемесі болып саналады. Вексельде оның берілген уақыты, борышкерлік міндеттеменің сомасы, төленетін мерзімі мен жері, төлем төлеуге тиісті кредитордың аты көрсетіліп, вексель беруші борышкердің қолы қойылуы керек.

**Аударылмалы вексель-** (тратта) кредитордың (транссангтың) қарызкерге (трассатқа) белгілі бір соманы үшінші заңды тұлғаға немесе жеке тұлғаға (ремитентке) төлеу жайлы жазбаша өкімі болып саналады.

### Тақырып 3. Қорлар есебі

1. Тауарлы-материалдық қорларды бағалау

2. Материалдық қорлардың қозғалысын есепке алу жөніндегі құжаттама

3. Қоймалардағы және сақтайтын орындардағы материалдық құндылықтардың есебі

4. Материалдық құндылықтардың бухгалтериядағы есебі

## Қысқаша дәріс мазмұны

Өндіріс процесінде өнім өндіру ж/е қызмет көрсету үшін керекті жағдайлардың бірі – еңбек заттары. Олардың өндіріс құралдарынан өзгешелігі, өндіріс құралы өндіріс процесіне ұзақ уақыт қатысып, өздерінің табиғи пішінін сақтай отырып, өндірілетін өнімге өз құнының бір бөлігін қосып отыратын болса, еңбек заттары өндірісте пайдаланылған кезде өздерінің бастапқы құнынтүгелдей өндірілетін өнімге ауыстырылады.

Материалды есептеудің негізгі міндеттері:

1. Дайындалған, келіп түскен, босатылған материалдарды уақытында есептеп, кіріске алу немесе есептен шығару.
2. Материалдардың қоймада және тасымалдау кезінде түгел сақталуын бақылау.
3. Материалдарды өндірісте пайдаланған кезде олардың техникалық жолмен анықталған нормасын ж/е тұтыну мөлшерінің қорын анықтау.
4. Материалдардың өндірісте ұтымды пайдаланылуын бақылау.

Жақсы ж/е дұрыс ұйымдастырылған есеп материалдардың түгел сақталуына, үнемді пайдалануына көмегін тигізеді. Материалдардың есебін дұрыс, ұтымды ұйымдастыру үшін: - материалдардың бірыңғай номенклатурасы мен жоспарлы есеп айырысу бағасын белгілеу; құжат айналымының дәл жүйесін белгілеу ж/е материалдарды есепке алу мен есептен шығару операцияларының тәртібін сақтау; бірыңғайланған алғашқы есеп құжаттарының формалар түрлерін белгілеу ж/е олармен шаруашылық субъектісінің барлық бөлімін қамтамасыз ету.

Материалдарды келешекте пайдалану үшін сақтау, басқа жаққа ж/е өндіріске босату мен пайдалану мөлшерін белгілеп оларды жетілдіріп отыру керек.

Шикізаттар деп – бұрын азды-көпті еңбек сіңірілген заттарды атайды. Бұлардың құрамына кен өндіруші өнеркәсіп ж/е ауыл шаруашылығы өнімдері (мұнай, руда, мақта, ағаш) жатады.

Негізгі материалдардың қатарына өңдеуші өнеркәсіп өнімдері (ұн, мата, кірпіш) жатады. Шикі заттар мен негізгі материалдар өндірілген өнімнің негізін құрайды.

Материалдардың номенклатурасы – деп өндірісте пайдаланатын материалдардың белгілі бір түрлеріне олардың аты, сапасы, мөлшерлері т.б.көрсеткіштері бойынша жасалынған жіктеу тізімін айтады.

7-БЕС-на сәйкес қорларды бағалаудың 4 әдісінің бірі қолданылуы мүмкін:

1. Орташа өлшенген құндық әдіс
2. FIFO әдісі
3. LIFO әдісі
4. Арнайы идентификациялау (бірыңғайлау) әдісі

Материалдық қорларды бағалаудың орташа өлшенген құндық әдісін қолдану тәртібі келесі мысалда келтірілген.

Компания «ЛТД» өнімнің бір түрін өндіреді. Өнімді өндіруге Крэг атты материал қолданылады. Төмендегі кесте 2004 жылы орын алған материалдың сатып алынуын және өндіріске босатылуын көрсетеді.

Материал Крэг. Қоймалық карточкасы

Күні		Бірліктер саны	Бірліктің бағасы, \$	Жалпы сомасы, \$
1 қаңтар	Кіріс қалдығы	100	4,50	450
4 ақпан	Босатылды	70		
5 мамыр	Келіп түсті	40	5,20	208
7 маусым	Босатылды	20		
18 тамыз	Келіп түсті	50	4,90	245
11 қазан	Босатылды	30		
18 қараша	Келіп түсті	20	5,35	107
3 желтоқсан	Босатылды	30		

### Шешімі

Крэг материалының қоймалық карточкасы - орташа өлшенген құндық әдісі

Күні		Бірліктер саны	Бірліктің бағасы, \$	Жалпы сомасы, \$
01.01	Кіріс қалдығы	100	4,50	450
04.02	Босатылды	<u>(70)</u>	4,50	<u>(315)</u>
04.02	Шығыс қалдығы	30	4,50	135
05.05	Келіп түсті	<u>40</u>	5,20	<u>208</u>
05.05	Шығыс қалдығы	70	4,90	343
07.06	Босатылды	<u>(20)</u>	4,90	<u>(98)</u>
07.06	Шығыс қалдығы	50	4,90	245
18.08	Келіп түсті	<u>50</u>	4,90	<u>245</u>
18.08	Шығыс қалдығы	100	4,90	490
11.10	Босатылды	<u>(30)</u>	4,90	<u>(147)</u>
11.10	Шығыс қалдығы	70	4,90	343
18.11	Келіп түсті	<u>20</u>	5,35	<u>107</u>
18.11	Шығыс қалдығы	90	5,00	450
03.12	Босатылды	<u>(30)</u>	5,00	<u>(150)</u>
03.12	Шығыс қалдығы	<u>60</u>	5,00	<u>300</u>

### Тақырып 4. Негізгі құралдар есебі: бастапқы тану, бағалау және амортизация.

1. Негізгі құралдарды жіктеу, бағалау және есебінің міндеттері.
2. Негізгі құралдарды сатып алу есебі.
3. Негізгі құралдарды есептен шығару есебі.
4. Негізгі құралдардың амортизация есебі.

### Қысқаша дәріс мазмұны

«Негізгі құралдарға»-қозғалмайтын мүлік, жер учаскілері, үйлер мен ғимараттар, өткізгіш тетіктер, машиналар мен жабдықтар, өлшеуіш және реттеуіш аспаптары мен құралдары, есептеуіш машиналар мен техникалары

және олардың программалық құралдары, көлік тасымалдау құралдары, аспаптар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандары, өнім және жұмыс малдары, көп жылдық көшеттер, шаруашылықтың ішкі жолы, тағы да басқалар жатады.

Көлемінің үлкенді-кішілігіне, бағасының азды-көптілігіне (арзанды-қымбаттылығына) қарамастан пайдалану мерзімі бір жылдан аспайтын өндіріс құралдары негізгі құралдардың қатарына жатпайды. Сонымен қатар негізгі құралдардың құрамына шаруашылық субъектісінің қоймаларындағы дайын бұйымдар (тауарлар) болып саналатын жабдықтар мен машиналар, күрделі құрылыс құрамында есептелетін монтаждауды (құрастыруды, орнатуды) қажет ететін жабдықтар, салынып біткен, бірақ әлі пайдалануға берілмей тұрған машиналар мен жабдықтар, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмысының өзіндік құнының құрамында қаралған қосымша шығындардың есебіне салынған титулдық тізімге кірмеген ғимараттар мен тетіктер, сонымен бірге жас малдар, яғни мал төлдері де жатпайды.

Барлық «Негізгі құралдар» өздерінің өндіріске қатысуына қарай өндірістік және өндірістік емес болып екі топқа бөлінеді. Өндірістік негізгі құралдар-деп өндірісте қызмет ететін, яғни өнім өндіру орындарында пайдаланылатын негізгі құралдарды айтады. Олар: өндіріске арналған үйлер, ғимараттар, өткізгіш тетіктер, құрылыс машиналары, көлік тасымалдау құралдары, әртүрлі станоктар, двигательдер, құрал-саймандар, өлшеуіш аспаптар және тағы басқалары. Өндірістік емес негізгі құралдардың қатарына шаруашылықтың өндірістен басқа салаларында пайдаланылатын негізгі құралдар жатады. Оларға тұрмыстық үй-жай (коммуналдық) шаруашылығында, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет салаларында пайдаланылатын негізгі құралдар және тағы да басқа негізгі құралдар жатады. Халық шаруашылық салаларына және істейтін қызметтерінің түрлеріне қарай барлық негізгі құралдар: өнер-кәсіп, ауыл шаруашылығы, орман (тоғай) шаруашылығы, тасымалдау, байланыс, құрылыс, материалды-техникалық жабдықтау және сату-өткізі ұйымдар, қоғамдық тамақтандыру, басқару органдары, әлеуметтік сақтандыру, ғылым және білім беру, ғылыми көмек көрсету және тағы да басқа салалар бойынша топталады.

Негізгі құралдар кімнің меншігінде, яғни шаруашылық субъектінің өзіне тиісті және уақытша жалға алынған болып екіге бөлінеді.

Пайдалану барысына қарай негізгі құралдар жұмыс істейтін, жұмыс істемейтін және сақтауда тұрған - деп үш топқа бөлінеді.

Негізгі құралдардың есебін ұйымдастыруда оларды бағалайды: бастапқы құнымен, баланстық құнымен, ағымдағы құнымен, қалдық құнымен және келісілген құнымен.

Негізгі құралдардың бастапқы құны – ол активті салуға, сатып алуға, әкеліп жеткізуге, орнатуға кеткен шығындардан, сатып алу барысында төленген салық сомаларынан, құрылысты салу кезінде алынған несие үшін төленетін пайыз сомалары мен бұл құралды белгілі мақсатқа пайдалану үшін тікелей байланысты кез келген шығындардың жиынтығынан тұрады.

**Негізгі құралдардың бастапқы құны** - бұл шаруашылық субъектінің белгілі бір мерзімдегі, бүгінгі күнгі негізгі құралы нарықтың бағасы болып табылады.

**Негізгі құралдардың баланстық құны** - бұл шаруашылық субъектісінің бухгалтерік есебінде немесе қаржылық есеп беру ақпараттарында көрсетілген негізгі құралдардың бастапқы құнынан жинақталған тозу сомасын алып тастағандағы қалған құны болып табылады.

**Негізгі құралдардың қалдық құны** - негізгі құралдардың пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны бұзу, жоюдан алынған іске жарамды бөлшектерінің (материал, металл сынығы, отын тағы да басқа) құнынан объектіні есептен шығаруға байланысты жұмсалатын келешектегі шығындарды алып тастау арқылы анықталады.

**Негізгі құралдардың келісілген құны** - бұл келген екі жақтың, яғни негізгі құралдарды сатушы мен алушының арасындағы келісілген құн болып табылады.

Негізгі құралдардың есебі әрбір бөлек объекті бойынша бүтін сомада жүргізіледі. Пайдалануға берген кезде оның бастапқы құнымен қалпына келтіру құны тең болады.

Негізгі құралдардың бастапқы бағасын белгілі бір күндегі қолданылып жүрген бағаға сәйкес келтіру мақсатында объектілерді қайта бағалау жүргізіледі. Қайта бағалау жүргізілген кезде шаруашылық субъектілеріндегі негізгі құралдарға есептелген тозу сомасы олардың құндарының өзгеруіне қарай түзетіледі.

Шаруашылық субъектілері өздерінің негізгі құралдарының есебін 2400-шотының бөлімшелерінде, мына активті шоттарда жүргізеді:

2411-шот - жер;

2412 -шот - үйлер мен ғимараттар;

2413-шот - машиналар мен жабдықтар;

2414-шот - көліктер құралдары;

2415-шот - басқалары;

2416-шот - аяқталмаған құрылыс.

Бұлар активті шот болғандықтан дебетінде негізгі құралдарының кірісі көбеюі, ал кредитінде негізгі құралдардың азаюы, есептен шығарылуы көрсетіледі.

**Инвентарлық объекті** - өзінің құрамына кіретін, өзіне тиісті керекті жабдықтармен, саймандармен сатылып алынған, салынып біткен жеке құрылыстарды, бір зат болып саналып белгілі бір қызметті атқаратын бұйымдарды айтады.

Шаруашылық субъектілерінің бухгалтериясында негізгі құралдардың әрбір объектісіне типтік ведомстволық инвентарлық карточка ашылады. Олар талдамалы есептің түрі болып саналады. Оларда негізгі құралдардың аталуы, инвентарлық номері, баланста көрсетілген бастапқы құны, амортизациялық аударым мөлшері, зауыттық номері, кіріске алынуына және істен шығарылуына байланысты толтырылған уақыты тағы да басқа керекті мәліметтері жазылады. Инвентарлық карточкалармен қатар ірі машиналар мен жабдықтар, көліктерге арнайы техникалық төлқұжат толтырады. Бұнда техникалық сипаттамасы және істейтін жұмыстарының түрлері тағы да басқа деректері жазылады.

Халық шаруашылығының қай саласында болмасын өндірістік өнімнің өсуі ондағы негізгі құралдардың көбейуі мен олардың сапасына байланысты болады. Сондықтан шаруашылық субъектілері әрдайым негізгі құралдарын жаңартып, оларды сапасы және өнімділігі жоғарыларымен ауыстырып отырғаны дұрыс.

Негізгі құралдарды кіріске алғанда шаруашылық субъектісінің бухгалтериясында мынадай бухгалтерлік жазулар жазылады:

**Дт 2411-2416** оған сәйкес **Кт 2416,1030,1040,1050,1010,1020,5020,3330-4110,3310.**

Егер шаруашылық субъектісіне келіп түскен негізгі құралдар бұрын пайдаланып және оларға тозу сомасы есептелген болса, онда олардың тозу сомасына мынадай бухгалтерлік жазулар жазылады:

**Дт 2411-2415** **Кт 2420**

Негізгі құралдар өндіріс процесінде бірте-бірте тоза бастайды, өзінің бастапқы сапасын жоғалтады. Негізгі құралдардың тозуын «табиғи» және «сапалық» тозу – деп екіге бөледі. Негізгі құралдардың табиғи тозуы олардың материалдық жағынан тозуы болып табылады, оларды ұзақ уақыт пайдалану және оларға басқа факторлардың әсер етуі нәтижесінен болып табылады.

Негізгі құралдардың сапалық тозуы олардың толық табиғи тозуы жетпей-ақ құнсызданып, өндірістің даму процесінен кейін қалуы, активтердің ғылым мен техника дамуының бүгінгі күнгі талаптарына сәйкес келмейтін жағдайда болуынан пайда болады.

Негізгі құралдардың ішінде мына аталған активтерге тозу дәрежесі анықталмайды және оларға амортизация есептелмейді:

- Жерге;
- Кітапхана қорларына;
- Фильм қорларына;
- өнімді малдарға;
- музейлік заттарға;
- өнер ескерткіштеріне.

Негізгі құралдардың тозуы шоттар жоспарының 2420-бөлімшесінің мына шоттарында жүргізіледі:

2421 шот - үйлер мен ғимараттардың тозуы;

2422 шот - машиналардың тозуы;

2423 шот - көлік құралдарының тозуы;

2424 шот - басқадай негізгі құралдардың тозуы.

Негізгі құралдар, өндіріс процесінде пайдаланылған кезде өздерінің бірте-бірте тозуына байланысты құндарын өздерінің көмегімен өндіріліп шығарылатын, жаңадан жасалған өнімдерге біртіндеп ауыстырып отырады, бұл - **Амортизация (өтеу)** процессі.

**Амортизациялық аударым мөлшері** – дегеніміз негізгі құралдардың бастапқы құнынан белгіленген пайызбен есептеп шығарған бір жылдық амортизациялық аударым сомасы.

Шаруашылық субъектілерінде негізгі құралдарға ай бойы есептелген амортизациялық аударым сомасы ай сайын өндірілген өнімнің, істелген жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнына қосылады. Шаруашылық субъектілеріне жаңадан келіп түскен, кіріске алынған негізгі құралдарға амортизациялық аударым келесі айдың бірінен бастап есептеледі. Шаруашылық субъектілерінде негізгі құралдардың пайдалануы барысында табиғи және сапалық жағынан тозатындығы алдыңғы бөлімдерде сөз етілді. Шаруашылық субъектілері өздерінің негізгі құралдарын пайдалану мерзімі уақытынан бұрын тозып, істен шығып қалмау үшін белгілі бір уақыт аралығында жөндеп отырады. Негізгі құралдарға жүргізілетін жөндеу жұмыстары өзінің ұйымдастырылуына қарай жай және күрделі болып екіге бөлінеді.

Жай жөндеу дегеніміз негізгі құралдардың тозып, істен шыққан бөлшегін жұмыс процесі барысында ауыстыру немесе оны қалпына келтіру болып табылады. Бұл жөндеуге майлау, сырлау тағы басқа жөндеу жұмыстары жатады.

Күрделі жөндеу дегеніміз алдын ала жоспарланып, сапалық және табиғи тозған негізгі құралдардың бөлшектерін толығымен ауыстырып, оларды түгелдей жаңартуды айтады.

Жөндеу жүргізілген негізгі құралдарды шаруашылық субъектісінде тағайындалған комиссия мүшелерінің шешімімен қабылдап алады, қабылдау-тапсыру актісі толтырылады.

Негізгі құралдарды жөндеу үшін жұмсалатын, шығарылатын шығындарды өнімнің өзіндік құнына бірқалыпты кірістіруді, яғни қосып қамтамасыз ету үшін шаруашылық субъектілері жөндеу қорын жасауларына болады. Егер негізгі құралдарды жөндеу шаруашылық әдіспен, субъектінің өз күшімен жүргізілсе:

**Дт 3210** «Басқадай есептелінген шығындар»

**Кт 8310** «Қосалқы өндірістер»,

ал егер негізгі құралдарды жөндеу мердігерлік әдіспен жүргізілсе:

**Дт 7470** «Басқадай есептелінген шығындар»

**Кт 3310** «Өнім беруші ж/е мердігерлермен есеп айырысу».

Жыл соңында 686 «Басқадай есептелген шығындар» - деп аталатын шотта ешқандай қалдық қалмауы керек.

Негізгі құралдарды есептен шығару №6 – бухгалтерлік есеп стандартында қаралған тәртіп бойынша жүргізіледі. Негізгі құралдардың іске жарамсыздығын, оларды бастапқы қалпына келтіру үшін жүргізілетін күрделі жөндеудің тиімсіздігін анықтау үшін, сондай-ақ есептен шығару үшін, субъекті басшысының бұйрығымен комиссия құралады. Негізгі құралдарды есептен шығару үшін «шығару актісі» толтырылады, оны субъектінің басшысы бекітеді.

Шаруашылық субъектілерінде есептен шығарылған негізгі құралдардың құны:

**Дт 7410** «Н.қ.сату бойынша шығындар»

**Кт 2410** «Негізгі құралдар».



Есептен шығарылған негізгі құралдардан алынған іске жарайтын материалдар мен басқа бөлшектердің құны:

**Дт 1310** «Материалдар»

**Кт 6210** «Н.қ.сатудан алынатын табыс».

Бухгалтерлік есеп пен есеп беру тәртібі бойынша барлық шаруашылық субъектілері

бухгалтерлік есеп мәліметтерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін, мәліметтерінің дұрыстығын нақты бар-жоғын анықтау және күтіп сақталуын бақылау мақсатында жылына бір рет өзінің мүлектеріне түгендеу жұмысын жүргізіп тұрулары қажет.

Шаруашылық субъектілерінде негізгі құралдарды түгендеу жылдық қорытынды есеп беретін уақыт алдында қараша айының бірінен кейін жүргізілуі керек. Үйлерді, ғимараттарды тағы басқа жылжымайтын мүліктерді екі жылда бір рет, ал кітапхана қорларын бес жылда бір рет түгендеуге болады. Негізгі құралдарға түгендеу жүргізу барысында комиссия міндетті түрде объектілерді мұқият қарап шығып түгендеу тізіміне олардың толық атын, қандай жұмысқа арналғандығын, инвентарлық номері мен негізгі техникалық көрсеткішін, бастапқы құны мен тозу құнын, тағы басқа мәліметтерді енгізіп жазулары керек.

Түгендеу нәтижесі бухгалтерлік есепте былайша жазылады: артық шыққан, бұрын есепке алынбаған негізгі құралдарды кіріске алынуына:

**Дт 2410** «Негізгі құралдар»

**Кт 6280** «Негізгі емес қызметтен алынған басқадай табыстар».

Түгендеу барысында жоғалған, бүлінген негізгі құралдарға жауапты (кінәлі) адам табылып және ол адам төлейтін болған жағдайда төленетін сома:

**Дт 1250** «Жұмыскерлер мен басқа да тұлғалардың борышы»

**Кт 2410** «Негізгі құралдар».

## **Тақырып 5. Материалдық емес активтердің есебі**

1. Материалдық емес активтердің тану критерилері.
2. материалдық емес активтерді жіктеу және олардың сипаттамасы.
3. Материалдық емес активтерді сатып алу есебі.
4. Материалдық емес активтердің амортизациясы.

### **Қысқаша дәріс мазмұны**

Шаруашылық субъектілерінде материалдық емес активтердің есебі ҚР бухгалтерлік есебінің 28-стандартына сәйкес және субъектілердегі қаржы-шаруашылық қызметі бухгалтерлік есебі бас шоттар жоспарындағы бірінші «Айналымнан тыс активтер» - деп аталатын бөлімнің 10-бас шотының төмендегі бөлімше шоттарында жүргізіледі.

2701 -шот Лицензиялық келісімдер;

2702 -шот Програмамен жабдықтау;

2703 –шот Патенттер;

2704 –шот Ұйымдастыру шығындары;

2705 –шот Гудвилл;

2706 –шот Басқадай материалдық емес активтер - деп аталады.

Шаруашылық субъектілерінде объектілерді материалдық емес активтердің қатарына кіргізу тәртібі және олардың құрамы белгіленген заңдарға сәйкес тиісті нормативтік актілерде қарастырылған.

**Материалдық емес активтер** деп – белгілі бір нақтылы табиғи пішіні жоқ, бірақ қандай да бір бағаға, құнға бағаланатын болғандықтан субъектіге үнемі, яғни ұзақ уақыт бойы қосымша табыс әкеліп тұратын активтерді айтамыз.

Материалдық емес активтер шаруашылық субъектілерінің балансында бастапқы құны бойынша кіріске алынады.

Материалдық емес активтердің бастапқы құны былайша анықталады:

- Құрылтайшылар мен үлес қосушылардың шаруашылық субъектісі жарғылық қорына қосқан үлесі есебінен келіп кіріске алынған материалдық емес активтердің бағасы екі жақты нақты келісім бойынша бағаланады.
- Заңды тұлғалармен жеке адамдардан тегін, сый ретінде алынған материалдық емес активтер сол уақыттағы нарықтық баға бойынша бағаланады.
- Басқа шаруашылық субъектілерінен, заңды тұлғалардан, сондай-ақ жеке адамдардан сатылып алынған материалдық емес активтер, ол объектілерді сатып алуға және оларды пайдалану үшін дайындауға кеткен шығындар бағасы сомаларының қосындысы бойынша бағаланады.

«**Ноу-Хау**» - деп шаруашылық қызметі, яғни пайдаланылуы барысында субъектіге табыс беретін жаңа технологиялық шешімдер мен жаңалықтарды, құпия мәліметтерді, айрықша құқықтарды, яғни жеке тұлғаның өзі тапқан ғылыми және басқадай жаңалығын айтуға болады. «Ноу-Хау»-ды шаруашылық субъектісінің үлес қосушылары мен құрылтайшылары өздерінің субъектідегі жарғылық қорға қосқан үлесі есебінде береді. Оның бағасы, яғни бастапқы құны оны шаруашылық субъектісіне кіріске алатын, демек, балансқа алатын уақыттағы екі жақты нақты келісім бойынша белгіленеді.

«Лицензиялық келісімдер» – дегеніміз белгілі бір субъектінің немесе заңды тұлғаның бір тауарды өндіру немесе сату құқын екінші бір субъектіге немесе заңды тұлғаға беруі болып табылады.

«Программамен жабдықтау» - деп субъектінің алдағы уақыттарда атқарылатын жұмыстарына қатысты табыс әкелетін ақпараттар мен мәліметтерді айтады.

«Патент» - деп жеке адамның немесе топтың, ойлап тапқан жаңалығын мемлекеттік тұрғыдан мойындап және ол жаңалықты ашқан адамға, топқа немесе заңды тұлғаға жаңалығын өз пайдасына қолдануына рұқсат беру туралы құжат болып табылады.

«Ұйымдастыру шығындары» шаруашылық субъектісінің жаңадан ашу, құру кезінде жұмсалған шығындар, яғни субъектіні тіркеуден өткізуге және оны тіркеуден өткізу үшін заң орындарына төленген төлемдер, банктерден есеп айырысу немесе басқадай шоттар ашу үшін жұмсалған шығындар, жарнамалар үшін төленген төлемдер және басқа да жұмсалған шығындар жатады.

«Гудвилл» немесе «Фирма бағасы» - болып сатылып алынған шаруашылық субъектісінің нақты нарықтық бағасымен оның барлық активтерінің баланстық

құны арасындағы айырмасы есептеледі. Егер де сатылып алынған шаруашылық субъектісінің барлық активтерінің сатылып алынған құны олардың баланстық құнынан артық болса, онда құндар арасындағы айырмашылық «жағымды гудвилл», ал кем болған жағдайда «жағымсыз гудвилл» деп аталады.

Шаруашылық субъектілерінде материалдық емес активтер өздерінің пайдаланылуы барысында біртіндеп сапалық жағынан тоза бастайды. Осы активтер тозғанға дейін, субъектіде пайдаланылған уақыт аралығында пайда әкелуі қажет. Егер бұл материалдық емес активтерді пайдалануда шаруашылық субъектісі табыс таппайтын болса, оларды актив қатарында есептеудің қажеті де болмайды және бұндай жағдайда оларды сатып алуға кеткен шығындар субъектісінің зияны болып табылады.

Шаруашылық субъектілерінде материалдық емес активтерді пайдалану барысында олардың құнының бір бөлігі ай сайын, оның пайдалану мезімінде өндіріс шығындарына қосылып отырады. Материалдық емес активтердің құнына амортизациялық аударым есептеліп тұрады. Амортизациялық аударым мөлшері материалдық емес активтердің бастапқы құнымен олардың пайдалану мерзіміне қарай анықталады.

Материалдық емес активтердің пайдалану мерзімі субъектінің қызмет атқаратын уақытынан аспауы керек. Егер материалдық емес активтердің пайдалану мерзімін анықтауға мүмкіндік болмаған жағдайда, амортизациялық аударым он жылға есептелінеді. Бірақ ол субъектінің қызмет атқару уақытынан аспауы керек.

Жалпы материалдық емес активтердің тозуы:

2741 - «Материалдық емес активтердің амортизациясы – лицензиялық келісімдер»;

2742 – «программамен жабдықтау»;

2743 – «патенттер»;

2744 - «ұйымдастыру шығындары»;

2745 – «гудвилл»;

2746 – «Материалдық емес активтер амортизациясы - басқалары» деп аталатын шоттарында жүргізіледі.

Ал оларға ай сайын есептелініп отыратын амортизациялық аударым сомасы:

Дт 7110- «Тауарларды сату жөніндегі шығындар», Кт2740-«Материалдық активтердің тозуы».

7210- «Жалпы және әкімшілік шығындар»,

2420 «Негізгі құралдардың тозуы».

## **Тақырып 6. Міндеттемелер есебі**

1. Банктер мен банктен тыс мекемелердің несиелері мен зайымдары есебі.
2. Төленуге тиісті шоттар мен төленуге тиісті векселдер.
3. Еңбекақы төлеу бойынша персоналдармен есеп айырысу есебі.
4. Бюджетпен есеп айырысу есебі.

## Қысқаша дәріс мазмұны

Қандай да болмасын шаруашылық субъектілерін олардың қандай салада қызмет атқаратындығына қарамастаналып қарайтын босақ, олардың барлығының да міндеттемелері болады. Кез келген өндіріспен айналысатын субъекті сол өнімді өндіру үшін қажетті шикізаттармен материалдар үшін жабдықтаушыларының алдында міндетті болса, саудамен айналысатын шаруашылық субъектісі сол сататын тауарларын жеткізіп беруші субъектінің алдында міндетті болуы мүмкін. Тіпті өндіріспен де, саудамен де айналыспайтын субъектілердің өзі қарамағында жұмыс істейтін жұмысшы қызметкерлерге олардың істеген еңбегі үшін, сондай-ақ бюджетке түрлі салықтар үшін қарыз немесе оның алдында міндеттемесі болуы мүмкін.

**Несие** – бір тұлғаның екінші бір заңды тұлғаға немесе жеке адамның заңды тұлғаға әдетте келісілген мөлшерде процент алу үшін белгілі бір уақытқа заттай немесе ақшалай уақытша қаржы беруге баланысты райда болатын экономикалық қарым-қатынас жүйесі болып табылады.

**Комерциялық несие** – бір субъектінің екінші субъектіге сатқан тауарының құнынан алынатын төлемнің кейінге қалдырылуына байланысты туындайды.

**Банк несиесі** – субъектіге ақша қаражаты түрінде өндірісін ұлғайтуға, ағымдағы қызметтеріне байланысты қарыздарын төлеу үшін беріледі.

**Несиенің объективті қажеттілігі** – бұл, субъектінің өндірістік және сауда айналымы капиталының жетіспеушілігінен туындайды.

Несиенің бұндай түрінің есебі қысқа және ұзақ мерзімді несие беру туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекітетін «Қысқа және ұзақ мерзімді несие беру» ережелеріне сай жүргізіледі.

*Шетел валютасы түріндегі несиелер есебі*

Еліміздің экономикалық жағдайын көтеру үшін сырттан инвестиция тартып, әр түрлі дүниежүзіндегі ірі банктерден де несие алынады.

*Банктен тыс мекемелердің несиелері есебі*

Бухгалтерлік есептің бұрынғы стандарты бойынша шаруашылық субъектілерінің басқа субъектілерге несие беруіне немесе олардан несие алуына құқығы болмайды. Нарықтық жолға көшу жағдайында экономикадағы тәртіптердің көбі өзгереді. Қазіргі кезде кәсіпорындар, ұйымдар, яғни шаруашылық субъектілері ақша қаражаттарының қозғалысын еркін пайдалануға, яғни өз қалауы бойынша несие беру құқығына ие болды. Осыған сәйкес елімізде қабылданған бухгалтерлік есептің типтік шоттар жоспарында пассивті 3010-«Банктен тыс мекемелердің несиелері» -деп аталатын шот қарастырылған. Бұл шоттағы банктен тыс мекемелерден алынған несиелері бойынша жүргізілетін операцияларға жазылатын бухгалтерлік жазулар, банк несиелері бойынша операцияларға жазылатын жазумен ұқсас болып келеді.

*Басқадай несиелік операциялар есебі.*

Коммерциялық банктер іс жүзінде көбінесе несиені нақты ақшалай емес, төлем қаржысы есебінде пайдаланытын вексель түрінде береді. Несие алушы шаруашылық субъектілері мұндай вексельдерді өздерін материалдық құндылықтармен, тауарлармен жабдықтайтын, сондай-ақ қызмет көрсететін

жабдықтаушылармен есеп айырысу үшін пайдаланады. Әрбір вексельдің айналу мерзімі несие беруші банкпен несие алушы шаруашылық субъектісінің арасындағы келісім-шартпен белгіленеді. Бұл келісім-шарт бойынша субъекті банк мекемесінен вексельдерді алып, олардың сыртындағы тиісті жеріне табыстама жазу арқылы төлем үшін пайдаланады.

**Дивиденд дегеніміз** – акционерлер иелігінде болатын акциялардың саны мен түрлеріне қарай оларға тиесілі акцияларына табыс түрінде жыл сайын акционерлер арасында бөлінетін акционерлік қоғам табысының бір бөлігі болып табылады. Акционерлер мен оларға төленуге тиісті дивидендтер бойынша нснп айырысу есебі 62 – «Дивидендтер бойынша есеп айырысу» - деп аталатын бас шоттың бөлімше шоттарында есептелініп жүргізіледі. Дивидендтер есептеген уақытта:

**Дт 5410**

**Кт 3540.**

Акционерлерге есептелінген дивиденд сомасынан ұсталынатын табыс салығы сомасына:

**Дт 3540**

**Кт 3190**

ал бұл табыс салығын бюджетке аударған кезде:

**Дт 3190**

**Кт 1040.**

Жай және артықшылығы бар акциялар бойынша акционерлерге дивидендтер төленгенде:

**Дт 3540**

**Кт 1010, 1040, 1050.**

**Мемлекеттік бюджет** – жалпы мемлекеттік тұрғыдан бөлініп пайдалану, жұмсау үшін құрылатын қаржы қоры болып табылады. Бюджеттің қаржысы экономиканы дамытуға, халықтың материалдық әл-ауқатын және мәдени деңгейін көтеруге және басқа да мақсаттарға пайдаланылады.

**Әлеуметтік салықтың ерекшелігі** – оның салық салу объектісі еңбекақы төлеу қоры болып табылады. Әлеуметтік салық салу объектісіне, еңбекақы төлеу қорына табыстың барлық түрлері кіреді, оның ішінде: әртүрлі сыйақылар, жәрдемақылар, жеке әлеуметтік жеңілдіктер ж/е басқадай төлемдер.

Салық салынатын табыстардың ж/е одан шегерілетін шегерімдер мен жеңілдіктердің құрамы, сондай-ақ салынатын табыс салығының мөлшері салық кодексінде қаралады. Салық төлеуші шаруашылық субъектісі тиісті салық органына «Заңды тұлғаның салық салынатын табысының декларациясын» ұсынуға тиіс.

Табыс салығын есептеу барысында бухгалтерлік есепте:

**Дт 7710**

**Кт 3110.**

Акциздік салық дегеніміз – сатылатын тауардың бағасына қосылатын, сатып алушы төлейтін салық болып табылады. Акциз салығы ҚР-ның аумағында шығарылған ж/е импортталатын тауарларға салынады, спирттің бәрлық түрлері, темекі өнімдері, құрамында темекісі бар басқа да өнімдер ж/е

күнделікті қолданылмайтын басқа да бұйымдар жатады. Шаруашылық субъектілерінде акциз салығы есептегенде:

**Дт 1210** (алынуға тиісті борыштар)

**Кт 3190** (бюджетпен басқадай есеп айырысу).

Субъектінің жалдық міндеттемелері есебі 683 – «Жалдық міндеттеме» - деп аталатын шотта жүргізіледі, бұл шот негізінен пассивті есеп айырысу шоты болып табылады.

Алынған несие, жалдық келісім-шарт ж/е шығарылған бағалы қағаздар бойынша төленуге тиісті проценттердің есебі 684 «Есептелінген пайыздар бойынша міндеттеме», -деп аталатын шотта жүргізіледі. Төленуге тиісті проценттердің барлық түрлерін есептеген кезде:

**Дт 7470**

**Кт 3540** ,

ал есеп айырысу шотынан есептелінген пайыздар сомасы төленген кезде:

**Дт 3540**

**Кт 1040.**

Тікелей өндіріс жұмысшыларына және көмекші өндіріс жұмысшыларына төленетін сыйақы жалпы өндірістік шығындар бөлігі ретінде қарастырылады және өндірістік үстеме шығындар шотына жатқызылып, тарату жолымен өнімнің өзіндік құнына енгізіледі.

Басқа да қалған жанама өндіріс жұмысшыларына берілетін сыйақы олардың еңбекақысына есептеледі және сол кезеңге қатысты табыс пен шағын шотына есептеледі.

Демалыс бойынша төленетін шығындар тікелей шығындарға жатқызылып, сағаттық ставкасын көбейту арқылы заказға есептеледі.

Нормадан артық жұмыс істеу уақыты – осы кезеңде бекітілген жұмыс уақытынан артық уақытқа төленеді.

Нормадан артық жұмыс істеу уақытының қажеттілігі екі жағдайға байланысты болуы мүмкін:

1. Өндіріс процесінде толық өтелген уақытты толықтыру үшін.

2. Басында жоспарланған өнімнің санын көбейту үшін.

Нормадан артық жұмыс істелгені үшін шығындар оның пайда болу себептеріне байланысты әр түрлі есептеледі.

1. Ішкі себептер, нормадан артық жұмыс істегені үшін шығындарды болдырмауға болады, кезең табыстары мен шығындар шотына есептен шығарылады.

2. Сыртқы себептер немесе қажет болған нормадан артық жұмыстардың құны толығымен өндірістік үстеме шығындар құрамына өндірілген бірліктің өзіндік құнына енгізіледі.

Бірақ, егер бұл нормадан артық жұмыс уақыты өндірістік графигінің тығыздығы емес, тапсырыс берушінің сұранысының нәтижесі болып табылса, онда бұл үстеме шығындар тікелей тапсырыс шығындарына есептелінеді.

Жұмыстағы бос уақыты немесе жұмыс уақытында алған тоқтатулар, ол өнімді емес, бірақ төленетін уақыт.

Бос уақытының пайда болуына байланысты есептеу әдісі де ерекшеленеді:

Ішкі себептер, тоқтатулар шығындары өнімнің өзіндік құнына енгізілмеуі керек және ол табыстар мен шығындар шотына есептен шығарылады, себебі алып тастауға болатын тоқтатулар жақсылап жоспарланған кезде пайда болатын жағдайларға байланысты болады. (материалдардың жетіспеушілігі, негізгі құралдардың бұзылуы)

Егер тоқтатулар жалпы жұмыс жағдайларына немесе кәсіпорынға байланысты емес сыртқы факторларға (күтілмеген сұраныстың төмендеуі, негізгі жабдықтаушылардағы толқулар) байланысты болса, онда бұл тоқтатулар болдырмауға болмайтын және де бақыланбайтын кәсіпорынның ұсталуы болып табылады. Сондықтан да мұндай тоқтатулар үстеме шығындар есебінен өнімнің өзіндік құнына жатқызылады. Кәсіпорында өндірістік жұмысшылардың әр түрлі қызмет түрлеріне кеткен уақытының негізгі ақпарат көзі болып тапсырыс карточкалары, табель, тоқтатулар карточкалары және т.б табылады

### **Тақырып 7. Табыстардың және шығыстардың есебі**

1. Негізгі қызметтен алынған кірістер.
2. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып жөніндегі шығыстар
3. Негізгі емес қызмет жөніндегі кірістер және шығыстар

### **Қысқаша дәріс мазмұны**

Шаруашылық субъектісінің табыстары – деп ҚР бухгалтерлік есебінің №5 «Табыс» - деп аталатын стандартына сәйкес есепті кезеңдегі активтердің көбеюін және міндеттемелердің азаюы негізінде капиталдың көбеюін, яғни экономикалық пайда табуды айтамыз.

Мұндай табыстарға:

- Дайын бұйымдар мен тауарларды сатудан алынатын табыстар;
- Қызмет көрсетуден алынатын табыстар;
- Дивидендтер, роялти және пайыз түрінде алынатын ж/е тағы да басқа табыстар жатады.

Қаржы есеп беру кезінде шаруашылық субъектісі түсініктеме жазбахатында мыналарды ашып көрсетулері тиіс:

а) табысты тану үшін қабылданған есеп жүргізу саясатын, соның ішінде қызметтер көрсету жөніндегі келісімдердің аяқталу кезеңдерін айқындау тәсілін.

б) есепті кезең үшін танылған табыстардың әрбір маңызды түрінің сомасын, соның ішінде: тауарлар өткізу, қызметтер көрсету, пайыздар, роялти, дивидендтер нәтижесінде туындайтын табыстарды, олардың ішінде тауарлар немесе қызметтер алмасу нәтижесінде туындайтын, табыстардың әрбір маңызды түріне енгізілген табыстар сомасын.

*Шаруашылық субъектісінің негізгі қызметтен алатын табыстары* – деп кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі өндірісі шығарған тауарларды сатудан, көрсеткен қызметтерден, сондай-ақ орындалған жұмыстардың барысында

тапқан табыстары саналады. Субъектінің негізгі қызметтен алынатын табыстарының есебі 6010- «Негізгі қызметтен түскен табыс» - деп аталатын бас шоттың бөлімше шоттарында жүргізіледі.

6010 шот, жалпы бұл аталған шоттар субъектінің негізгі қызметінен алған табыстары туралы ақпараттарды жинақтап, қорытындылауға арналған.

Бұл пассивті шоттар, сондықтан шаруашылық субъектісінің жоғарыда аталған қызметтері барысында алатын табыстарына:

**Дт 1010-1050**

**Кт 6010.**

Кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі емес қызметінен түскен табыстары – деп субъектінің нақтылы негізгі қызметтерінен басқа жұмыстарды орындауы барысында тапқан табыстарын айтады. Шаруашылық субъектісінің бұндай қызметтерді атқаруы, жұмыстарды орындауы барысында алған табыстары 72 «Негізгі емес қызметінен түскен табыс» - деп аталатын бас шоттың бөлімше шоттарында есептелінеді.

Субъектінің өз меншігіндегі материалдық емес активтерін сатудан түскен табыстарының есебі 6210- «Активтерді сатудан түскен табыстарының есебі» - деп аталатын шотта жүргізіледі.

Шаруашылық субъектісінің басқа заңды ж/е жеке тұлғаларға берген қарыздары мен несиелері үшін алатын пайыз түріндегі табыстарына, дивиденд түрінде алатын табыстарына:

**Дт 1630**

**Кт 6210**

Шығып қалған қаржылық инвестицияларды қайта бағалаудан алынатын табыс сомасы:

**Дт 1100**

**Кт 6210.**

*Субъектідегі шығыстар және оларды есептеу тәртібі.*

Кәсіпорындар мен ұйымдардың сатқан өнімдерінің, тауарларының басқа да активтерінің өзіндік құны, сондай-ақ оларды сату, есептен шығару барысында пайда болатын шығындар сомасының жиынтығы субъектінің шығыстары болып табылады. Шаруашылық субъектісіндегі шығыстардың есебі 7010- «Сатылған тауарлардың өзіндік құны», 7110- «Тауарларды өткізу бойынша шығындар», 7210- «Жалпы және әкімшілік шығындар», 7320- «Проценттер бойынша шығындар», 7410- «Негізгі емес қызмет бойынша шығындар», 7430- «Табыс салығы бойынша шығындар», 7470- «Төтенше жағдайлар мен тоқтатылған операциялардан түскен табыс (зиян) және 7510- «Басқа ұйымдардағы үлестік қатысудан түскен табыс – деп аталатын бас шоттардың бөлімше шоттарында есептелді.

Дайын өнімдерді сатқан кезде:

**Дт 7110**

**Кт 1330 – «Тауарлар»**



Жұмыстардың орындалуы, қызметтердің көрсетілуі барысында:

**Дт 7010**

**Кт 8010** «Негізгі өндіріс», 8030 «Көмекші өндіріс».

Шаруашылық субъектісінің банк немесе банктен тыс мекемелерден алған несиелері үшін есептелетін пайызға:

**Дт 7470**

**Кт 3540.**

Субъекті өзінің меншігіндегі материалдық емес активтерін негізгі құралдарын, құнды қағаздарын сатуға немесе басқадай жолмен есептен шығаруға байланысты шығындарды, сондай-ақ ақша құнының өзгеруіне байланысты бағамдық айырмашылықтан болған сомаларға:

**Дт 7710**

**Кт 1010,1020,1030,1040,1050**

### **Тақырып 8. Меншікті капитал есебі**

1. Жарғылық капиталды қалыптастыру тәртібі және оның ұйым түріне байланысты мөлшері.
2. Серіктестіктегі меншікті капитал есебі.
3. Төленбеген капитал есебі.

### **Қысқаша дәріс мазмұны**

Өндіріспен, саудамен немесе кәсіпкерліктің басқадай түрімен айналысатын шаруашылық субъектілері қайсыларының болса да шаруашылық қызметпен айналысу үшін белгілі бір мөлшерде материалдық құндылықтары, ақшалай қаражаттары, қаржылық салымдары мен алдағы уақыттарда табыс табу мақсатында жұмсаған шығындары ж/е алашақтары болуы қажет. Осы жоғарыда аталғандардың ақшалай жиынтығы капитал болып саналады.

Субъектінің барлық мүлкі айналыстан тыс және айналыстағы активтері болып бөлінеді. Мүліктерді қызмет атқару мерзіміне қарай «негізгі активтер» ж/е «айналымдағы активтер» - деп екіге бөледі.

Негізгі (айналымнан тыс) активтер негізгі құралдардан, материалдық емес активтерден, қаржылық инвестициялардан, аяқталмаған құрылыстан құрылады. Жалпы айналымнан тыс активтер шаруашылық субъектінің материалдық-техникалық базасын жасауға ж/е дамытуға арналады.

Субъектінің мүлкі оның негізгі құралдары мен айналымдағы қаржыларының құнынан құралады. Шаруашылық субъектісі меншікті капиталының көздері болып мынанар саналады:

- Жарғылық капитал;
- Резервтік капитал;
- Бөлінбеген пайда.

Шаруашылық субъектілері өздерінің меншікті қаржыларынан басқа қарыз қаражаттарында пайдаланады. Ал олардың қатарына қысқа және ұзақ мерзімді несиелер, қарыздар, аванстар және кредиторлық борыштар жатқызылады.

Қосымша төленген капитал – қоғамның өзінің акцияларын олардың атаулы құнынан артық құнмен сатқаннан пайда болған құн айырмашылығынан туындайды.

Қосымша төленбеген капитал – негізгі құралдар мен инвестицияларды қайта бағалағанда олардың құнының өскен сомасынан және тағы да басқалардан туындайды.

Резервтік капитал – келешекте болуы мүмкін зияндармен шығындардың орнын толтыруға арналып шаруашылық субъектісі өзінің таза пайдасынан бөлінген меншіктік капиталының бір бөлігі. Резервтік капиталдың мөлшері мен құрылу тәртібі ҚР-ның заңдары мен шаруашылық субъектісінің жарғысында қаралады.

Бөлінбеген пайда – шаруашылық субъектінің жалпы табысының барлық шығындарын өтегеннен, бюджетке төленген салық сомаларынан және табыстан басқадай бағыттарға пайдаланғаннан қалған бөлігі.

Жарғылық капиталдың жалпы мөлшері, шығарылған түрлері бойынша акциялардың сандары, бір акцияның номиналдық құны, акционерлік қоғамның, серіктестіктердің, өндірістік кооперативтердің жалпы жиналысында бекітіледі. Шаруашылық субъектілерінде жарғылық капиталдың есебі:

5010 – «Жай акциялар»,

5020 – «Артықшылығы бар акциялар»,

5030 – «Қосқан үлестер мен жарналар», - деп аталатын 50 – «Жарғылық қор», бас шоттың бөлімше шоттарында есептелінеді.

Егер үлес қосушылар мен акционерлер қоғамға өз үлесінақшалай түрде салатын болса:

**Дт 1010**

**Кт 5020;**

Ал егер үлес қосушылар мен акционерлер қоғамға өз үлесін «материалдық емес актив», «негізгі құрал», «материалдық құндылықтар» тағы да басқа түрде салатын болса:

**Дт 2700,2410,1310**

**Кт 5020.**

Акционерлік қоғамдармен басқа да шаруашылық субъектілері өздерінің таза пайдасы есебінен жоғарыда айтылғандай резервтік құрады. Бұл резервтік капиталдың мөлшері қоғамнаң жарғысында белгіленеді, бірақ та ол субъектінің жарғылық капиталының 10 пайызынан кем болмауы тиіс. Ақшаның құнсыздауына, өндірістің өркендеуіне, сондай-ақ басқа да жағдайларға байланысты шаруашылық субъектінің жарғылық капиталы көбейген уақыттарда резервтік капиталда оған сәйкес артып отыруға тиіс.

## Тақырып 9. Қаржылық есептілікті ұсыну

1. Қаржылық есептіліктің мақсаты және компоненттері.
2. Қаржылық есептіліктің құрылымы мен мазмұны.
3. Пайда мен залал туралы есептілік.

### Қысқаша дәріс мазмұны

Қаржылық есеп беру – бұл кәсіпорынның есепті кезеңдегі қаржы-шаруашылық қызметіне сипаттама беретін белгілі нысандарға топтастырылған көрсеткіштер жүйесі.

Кәсіпорынның қаржы жағдайы – ресурстардың қолда барын, орналастырылуын және пайдаланылуын, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын, баланстың өтімділігін көрсететін көрсеткіштер жүйесімен сипатталатын түсінік.

Қаржылық есеп берудің деректері бойынша қорлар мен шығындарды қалыптастыруға арналған қаражат көздерінің артықшылығын немесе кемшілігін анықтайды. Қаржылық есеп беру мынадай активтерді: неғұрлым өтімді активтерді, жылдам сатылатын активтерді анықтауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, қаржылық есеп берудің деректері бойынша кәсіпорынның мынадай пассивтерін, ұзақ мерзімді пассивтерді және тұрақты пассивтерді анықтауға болады. Мұның өзі нарық жағдайында, бәсекелес-кәсіпорындардың ортасында жұмыс жасайтын кәсіпорындар үшін өте маңызды.

*Есеп берудің құрамы.*

Заңды тұлға болып табылатын кәсіпорын мекеме филиалдардың, өкілдіктердің, бөлімдердің ж/е дербес балансқа бөлінген басқа да құрылымдық бөлімшелердің өндірісі мен шаруашылығындағы мүліктерді қоса алғанда, мүлік пен олардың қалыптасу көздерінің құрамын көрсететін қаржылық есеп беруді жасайды. Қаржылық есеп ҚР Қаржы министрлігінде әзірленетін ж/е бекітілетін типтік нысандар бойынша жасалады. Атап айтқанда, шаруашылық субъектілері қаржылық есеп беру құрамында мыналарды: кәсіпорын балансын, кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп беруді, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беруді тапсыруға міндетті. Шаруашылық субъектілерінің бастамасы бойынша немесе әріптестермен келісім бойынша қаржылық есеп беру басқа да есептік деректермен ж/е түсіндірме жазулармен толықтырылуы мүмкін.

*Қаржылық есеп беруді пайдаланушылар ж/е оны тапсырудың мерзімі.*

Шаруашылық субъектілері тоқсандық ж/е жылдық қаржылық есептемені құрылтай құжаттарына сәйкес меншік иелеріне, мемлекеттік салық инспекциясына, мемлекеттік басқарудың басқа органдарына, несие беруші банктерге ж/е басқа шаруашылық субъектілерімен келісімдердің негізінде басқа да мүдделі ұйымдарға тапсырады. Шаруашылық субъектілері тоқсандық есептемені тоқсан аяқталғаннан кейін 30 күн ішінде, ал жылдық қаржы есептемесін жыл аяқталғаннан кейін 90 күннің ішінде тапсыруға міндетті.

Бюджеттік мекемелер айлық, тоқсандық ж/е жылдық қаржылық есептемені жоғары тұрған ұйымдарға олар белгілеген мерзімдерде тапсырады.

Қаржылық есеп беру мен бухгалтерлік есепке аудиторлық тексерулер ҚР-ның заңдарында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Әкімшіліктің немесе шаруашылық етуші объектінің құрылтайшыларының төрттен бірінің бастамасы бойынша жүргізіледі.

*Қаржылық есеп берудің баптарын бағалау.*

«Материалдық емес активтер» бабы бойынша шаруашылық қызметте ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын ж/е кіріс келтіретін материалдық емес объектілерге кәсіпорынның жұмсаған шығындары көрсетіледі. Материалдық емес активтерді кәсіпорынның құрылтайшылары жарғылық капиталға салым есебінде енгізуі, сондай-ақ кәсіпорын өз қызметінің барысында сатып алуы мүмкін. Бап бойынша бастапқы бағалау кезіндегі материалдық емес активтердің құны, есептелген тозудың сомасы жекелей келтіріледі ж/е қалдық құны көрсетіледі. Материалдық емес активтер баланс валютасына қалдық құнымен енгізіледі. Материалдық емес активтердің тозуы өнімнің өзіндік құнына олардың бастапқы құны мен ұтымды пайдалану мерзіміне қарай кәсіпорын есептеген нормалар бойынша, бірақ кәсіпорын қызметінің мерзімінен аспайтындай болып жатқызылады.

«Негізгі құралдар» бабы бойынша қолданыстағы, консервациядағы немесе запастағы негізгі құралдар бойынша мәліметтер көрсетіледі. Бұл бап бойынша заңдарға сәйкес кәсіпорынның меншігіне сатып алынған жер учаскелерінің құны да көрсетіледі. Аталған бап бойынша негізгі құралдардың бастапқы құны, тозуы ж/е қалдық құны жеке-жеке көрініс табады.

Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп беру ҚР-дағы бухгалтерлік есептің №3 стандартында ашылып көрсетіледі. Бұл стандарт бағалау әдісі, есеп саясаты өзгерген кезде ж/е елеулі қателіктер анықталған ж/е түзетілгенде қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп беру мен олардың қаржы есептемелеріндегі баптардың сыныптамасын белгілейді.

Кірістер мен зиянға әсер ететін есептік бағалаудағы өзгерістердің мәні мен көлемі де түсіндірме жазуларда көрсетілуге тиіс. Сонымен қоса стандартта елеулі қателіктер мен олардың шаруашылық қызметіне әсері қарастырылады.

Есеп саясаты ҚР-сы бухгалтерлік есеп жөніндегі департаменттің талабы бойынша немесе егер мұндай өзгерту неғұрлым дұрыс ақпарат алуға мүмкіндік жасайтын болса, кәсіпорынның өзі өзгертуі мүмкін.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беру – бұл ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттерінің келіп құйылуы мен шығысталуы. Ақша эквиваленттеріне қысқа мерзімді қаржы инвестициялары ж/е облигация, қазынашылық векселі ж/е т.б. сияқты өтімді бағалы қағаздар жатады.

### **Тест сұрақтары**

1. Валюталық шоттан ақша қаражаттарының қолма-қол түсімі қандай бухгалтерлік жазбамен білдіреді?

- A. Дт 1020 Кт 1050;
- B. Дт 1050 Кт 1020;
- C. Дт 1010 Кт 1040;
- D. Дт 1040 Кт 1010;

Е. Дт 1040 Кт 1030.

2. Қолма-қол ақша салуға хабарлама дегеніміз не?

- А. банк мекемесіне қолма-қол ақшаны беру жөнінде шот иесінің бұйрығы;
- В. алушының шотына көрсетілген соманы аудару жөнінде бұйрық;
- С. ақша аударуға өтініш;
- Д. банк мекемесіне шот иесінің қолма - қол тапсырылатын ақшаны қосып қоюға берілген бұйрық;
- Е. жасақталқан операциялар тізімі.

3. Мына бухгалтерлік жазба нені білдіреді Дт 1040 Кт 2410.

- А. сатылған өнім, істелген жұмыс, көрсетілген қызмет үшін төленген ақша;
- В. сатып алушы мен тапсырыс берушілерден түскен ақша;
- С. кассаға қызметкерлерге еңбек ақы төлеу үшін түскен ақша;
- Д. салық тілемдерін тілеу үшін түскен ақша.
- Е. табыс салығын ұстап қалу.

4. Кассадағы жетіспеушілік соманы кассирдың мойнына апарған кезде қандай бухгалтерлік проводка беріледі.

- А. Дт 1010 Кт 6200;
- В. Дт 1250 Кт 1010;
- С. Дт 1010 Кт 1250;
- Д. Дт 6200 Кт 1010.
- Е. Дт 1010 Кт 1040.

5. Инвентаризация-бұл:

- А. шаруашылық субъектілердің бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және жүргізу әдісі;
- В. шаруашылық субъектінің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру;
- С. кәсіпорынның қаржы және шаруашылық қызметінің аудиторлық тексерісі;
- Д. кәсіпорынның қолда бар материалдық құндылықтары мен ақшаларын және тағы да басқа мүліктерін есептегімен салыстыру әдісі;
- Е. шаруашылық құралдарды бастапқы бағалау әдісі.

6. Мына бухгалтерлік жазба нені білдіреді Дт 3350 Кт 1250.

- А. жеке тұлғалардың табысынан салық ұстау;
- В. уақытша еңбекке жарамсыздық жәрдемақысын есептеу;
- С. еңбекақидан жетіспеушілік сомаларды ұстап қалу;
- Д. еңбекақидан жетіспеушілік, есеп беруге тиісті, бүлінген материалдық құндылықтардың орнын толтыру мақсатымен ұсталынған сома.
- Е. әкімшілік-шаруашылық персоналға есептелген еңбекақы.

7. Қосымша өндіріс жұмысшыларына еңбекақы есептеген кезде қандай бухгалтерлік проводка беріледі:

- А. Дт 3010 Кт 3350;

- В.Дт 8020 Кт 3350;
- С.Дт 8030 Кт 3350;
- Д.Дт 3350 Кт 8030.
- Е.Дт 1010 Кт 1040.

8. Уақытша еңбекке жарамсыздық жәрдемақы есептеуге негіз болып не табылады:

- А. кәсіпорын басшысының бұйрығы негізінде;
- В. белгілі бір мүлік немесе қорлану көздері туралы жалпылай ақпарат алуға арналған шоттар.
- С шаруашылық құралдар және олардың алынар көздерінің есебін жүргізуге арналған шоттар.
- Д. кәсіпорынның жеке капиталының есебін жүргізуге арналған шоттар.
- Е. кәсіпорынның ақша құралдарының есебін жүргізуге арналған шоттар.

9. Жеткізушілерден материалдардың келіп түсуін қандай бухгалтерлік жазбамен көрсетуге болады?

- А. Д-т 1310 К-т 3310;
- В. Д-т 2420 К-т 1250;
- С. Д-т 2420 К-т 1010;
- Д. Д-т 2420 К-т 1040;
- Е. Д-т 2420 К-т 1020

10.Тұлғалармен еңбекақы бойынша есеп айырысу қандай есеп шотта жүргізіледі:

- А.1350;
- В.3350;
- С.6820;
- Д.6830.
- Е.14200.

11.Екі жақты жазу әдісіне толық сипаттама беріңіз.

- А. шаруашылық операцияларды бухгалтерлік есепте толық, дұрыс көрсету;
- В.ақша құралдарының есебін толық және шынайы жүргізу;
- С.әрбір шаруашылық операцияны екі реттен көрсету, яғни бір шоттың дебеті екінші. оттын кредиті бойынша;
- Д.өндіріске жіберілген шығындардың есебін екі жақты көрсетіп жазу;
- Е.жеке капиталдың есебін бір шоттың дебетіне, екінші шоттың кредитіне көрсетіп жазу.

12.Әкімшілік шығындардың есебі қай есеп шотта жүргізіледі.

- А. 3010 есеп шотта;
- В.7210 есеп шотта;
- С. 7110 есеп шотта;
- Д. 8310 есеп шотта;

Е. 8510 есеп шотта.

13. Дт 7210 Кт 3350 есеп шоттарының корреспонденциясы нені көрсетеді.

- А. әкімшілік және шаруашылық персоналға есептелген еңбекақы;
- В. негізгі өндіріс персоналына есептелген еңбекақы;
- С. қосымша өндіріс персоналына есептелген еңбекақы;
- Д. бухгалтерия қызметкерлеріне есептелген еңбекақы;
- Е. ақау шыққан үнімді түзетумен айналысатын жұмысшыларға есептелген еңбекақы.

14. Активтік шоттарда соңғы сальдо қалайша анықталады:

- А. бастапқы қалдық+дебеттік айналым-кредиттік айналым;
- В. бастапқы қалдық-дебеттік айналым-кредиттік айналым;
- С. бастапқы қалдық+дебеттік айналым+кредиттік айналым;
- Д. бастапқы қалдық/дебеттік айналым/кредиттік айналым;
- Е. бастапқы қалдық/дебеттік айналым/кредиттік айналым.

15. Бухгалтерлік проводканы құрастыру дегеніміз- бұл:

- А. шаруашылық операция сомасын бір шоттын дебеті, екінші шоттын кредиті бойынша көрсетіп жазу;
- В. бастапқы қалдықты, шоттын дебеттік айналымын, кредиттік айналымын, соңғы қалдығын көрсетіп жазу;
- С. бастапқы қалдық өзгерісін көрсететін шаруашылық операцияларды көрсетіп жазу;
- Д. шаруашылық операциялардың өзгерісін көрсетіп жазу;
- Е. шоттар корреспонденциясын көрсетіп жазу.

16. Құжаттардың толықтыруынан бастап архивте сақталуына дейінгі қозғалыс процессін не деп атаймыз:

- А. унификация.
- В. құжат айналымы.
- С. стандарттау
- Д. реквизиттер.
- Е. шот жоспары.

17. Егер бухгалтерлік проводкаларда және есептік регистрлерде шоттар корреспонденциясы дұрыс көрсетілген болса, бірақ шаруашылық операция сомасы кем берілген болса мұндай қателікті түзетуге қандай тәсіл қолданылады:

- А. «қызыл сторно» тәсілі;
- В. қосымша проводка тәсілі ;
- С. корректуралық тәсіл;
- Д. ордерлық тәсіл;
- Е. екі жақты жазу тәсілі.

18. Бухгалтерлік есепте кредитролық қарыздар деп нені түсінеміз

- A. осы кәсіпорының басқа кәсіпорындарға қарызы;
- B. басқа кәсіпорындардың осы кәсіпорынға қарызы;
- C. төлеу мерзімі асып кеткен қарыздар;
- D. кәсіпорының балансындағы есепте тұрған қарыздар;
- E. болашақ қарыздар.

19. Дт 1010 Кт 6010 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді.

- A. есеп айырысу шотынан кассаға ақшаның түсімі;
- B. кассадан еңбек ақыға төленуі;
- C. сатылған дайын өнім үшін қолма-қол ақшаның түсімі;
- D. кәсіпорын қызметкерлеріне ақшаның берілуі;
- E. қоюшылардан ақша қаражатының түсімі.

20. Есеп беруге тиісті адамға шетелдік валютаның кассадан берілуі қандай бухгалтерлік жазу мен көрсетіледі?

- A. Дт 1250 Кт 1020;
- B. Дт 1020 Кт 1050;
- C. Дт 1020 Кт 1250;
- D. Дт 1020 Кт 1040.
- E. Дт 1010 Кт 1040.

21. Чек дегеніміз не?

- A. шот иесінің банкке еңбек ақы, өнім сатудан табыс, басқада сомалдарды қосып қоюға берілген бұйрық;
- B. касса қалдығын банкідегі есеп айырысу шотына қабылдау жөнінде берілген бұйрық;
- C. шот иесінің банк мекемесіне көрсетілген соманың еңбек ақы, іс-сапар, шаруашылық және басқада шығындарға қолма-қол ақшамен босатуға берген бұйрық;
- D. алушының шотына ақшаны түсіру жөнінде банкке берілген бұйрық;
- E. ақшаны босату жөнінде бұйрық.

22. Дт 3110 Кт 1040 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. корпоративтік табыс салығы бойынша бюджетке табыс салығы төленді;
- B. заңды тұлғалардың табыс салығы бюджетке төленді;
- C. бюджеттен тыс қорларға табыс салығы төленді;
- D. еншілес кәсіпорындардың қарызы есеп айырысу шотына төленді;
- E. банк мекемесінің қызмет ақысы есеп айырысу шотынан төленді.

23. Пассивтік шоттарда бастапқы қалдық шоттың қай бөлігінде көрсетіледі

- A. шоттың дебеті бойынша;
- B. дебеттік айналымда;
- C. шоттың кредиті бойынша;
- D. кредиттік айналымда;



Е. шоттың қалдығында.

24.Кассадағы ақша қаражаттарын лимиттен тыс мөлшерде қандай мезгілде сақтауға болады?

- А еңбекақы төленген кезде 10 күн ішінде;
- В.7 күн ішінде;
- С. 3 күн ішінде;
- Д. 5 күн ішінде;
- Е. бір ай мезгілі ішінде.

25.Дт 1040 Кт 2410 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді;

- А. дайын өнімді сатудан, көрсетілген қызметтен, істелген жұмыстан түскен пайда сомасы;
- В. кассадан сатылған өнім және депоненттелген еңбекақы сомаларының келіп түсуі;
- С. сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден аванс сомаларының келіп түсуі;
- Д.қоюшылардан ақша қаражаттарының келіп түсуі;
- Е.жұмысшыларға еңбекақы төленуі.

26. Еншілес кәсіпорындардың жарғылық қорына салымы қандай бухгалтерлік проводкамен көрсетіледі?

- А. Дт 4010 Кт 1040;
- В. Дт 1150 Кт 1040;
- С .Дт 3010 Кт 1040;
- Д. Дт 6410 Кт 1040.
- Е. Дт 1150 Кт 5020.

27.Дт 1050 Кт 1020 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- А. валюталық кассадан валюталық шотқа ақша қаражаттарының түсімі;
- В. тиеліп жіберілген өнімге ақша қаражаттарының келіп түсуі;
- С. валюталық шоттан валюталық кассаға ақша қаражаттарының түсімі;
- Д. қойылған тауар-материалдық құндылықтарға ақша қаражаттарының түсімі;
- Е. сатылған өнім үшін ақша қаражаттарының түсімі.

28.Балансқа әсер ету бойынша берілген шаруашылық операция қандай типке жатады: «Кәсіпорын кассасына қызметкерлерге еңбекақы төлеу үшін банктегі есеп айырысу шотынан ақша қаражаты келіп түсті».

- А. 1-ші типке.
- В. 2-ші типке.
- С. 4-ші типке.
- Д. 3-ші типке.
- Е. 5-ші типке.

29. Дт 8010 Кт 3350 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. негізгі өндіріс жұмысшыларына есептелген еңбекақы;
- B. қосымша өндіріс жұмысшыларына есептелген еңбекақы;
- C. жалпышаруашылық қызметкерлерге есептелген еңбекақы;
- D. ақау шыққан өнімдерді түзетумен айналысатын қызметкерлерге есептелген еңбекақы;
- E. әкімшілік қызметкерлеріне есептелген еңбекақы.

30. Еңбекақыны кассадан төлеу қандай бухгалтерлік жазумен көрсетіледі?

- A. Дт 3350 Кт 1010;
- B. Дт 1010 Кт 3350;
- C. Дт 1250 Кт 1010;
- D. Дт 1010 Кт 1250;
- E. Дт 1040 Кт 1010.

31. Шаруашылық құралдардың орналасуы бойынша жинақталған мүлік баланстың қай бөлігінде орналасады?

- A. баланс активінде;
- B. баланс пассивінде;
- C. валюталық баланста;
- D. баланс баптарында;
- E. баланс қорытындысы.

32. Қамту көлеміне қарай түгендеу қалайша бөлінеді?

- A. жоспарлық және жоспардан тыс;
- B. толық және ішінара;
- C. жоспарлы және ағымдағы;
- D. тұтас және тұтас емес;
- E. құжатты және құжатты емес.

33. Негізгі құралдардың, тауар-материалдық құндылықтардың және басқа да мүліктердің есебін жүргізуге арналған шоттар не деп аталады?

- A. синтетикалық;
- B. аналитикалық;
- C. инвентарлық;
- D. есеп айырысу;
- E. пассивтік.

34. Активтік шоттарда бастапқы қалдық шоттың қай бөлігінде көрсетіледі?

- A. дебеттік айналымда;
- B. шоттың дебеті бойынша;
- C. кредиттік айналымда;
- D. шоттың кредиті бойынша;
- E. шоттың түрі бойынша.

35. Баланс-брутто дегеніміз не?

- A. бұл реттеу баптары бар баланс;
- B. бұл реттеу баптары жоқ баланс;
- C. есептік кезеңнің бірінші жұлдызына жасақталған баланс;
- D. есептік кезеңнің аяғына жасақталған баланс;
- E. кәсіпорынның жойылу кезіне жасақталған баланс.

36. Дт сч 1050 Кт сч 1020 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. шетел валютасын есеп беруге тиісті адамдарға беру;
- B. валюталық кассадан валютаның берілуі;
- C. валюталық кассадан валюталық шотқа түсімін;
- D. валюталық кассаға ақша қаражатының түсімін;
- E. шотқа ақшаның аударылуын.

37. Есеп айырысу чегі дегеніміз не?

- A. шот иесінің банкіге берген бұйрығы;
- B. шот иесінің банкіге онда көрсетілген соманы еңбекақы және басқа да керек-жараққа жаратуға босатуға берген бұйрығы;
- C. шот иесінің банкіге чекте көрсетілген соманы алынған тауар немесе көрсетілген қызмет үшін жабдықтаушыға аудару жөнінде бұйрық;
- D. шот иесінің ақшаны есеп айырысу шотына аудару жөнінде бұйрық;
- E. шот иесінің банкідегі ашылған шотына ақшаны түсіру жөнінде бұйрық.

38. Сатып алған тауар, көрсетілген қызмет немесе істелген жұмыс үшін жабдықтаушыға ақша қаражатын аудару қандай бухгалтерлік жазумен көрсеткен жөн:

- A. Дт 3010 Кт 1040;
- B. Дт 1010 Кт 1040;
- C. Дт 14200 Кт 1040;
- D. Дт 6410 Кт 1040;
- E. Дт 1040 Кт 6390.

39. Жеке кесімді форма бойынша есептелетін еңбекақы қандай жолмен есептеледі?

- A. алғашқы құжаттарда көрсетілген өндіріп шығарған өнімдер мен істелген жұмыстардың жалпы саны мен көлемі, олардың бір данасын жасап шығаруға, өндіруге белгілеген бағаға көбейтеді
- B. істелген жұмыстың санын барлық бригада жұмысшыларына бөлу арқылы есептеледі;
- C. негізгі жұмысшылардың барлық есептелген еңбекақысының белгілі пайызын табу арқылы есептеледі;
- D. істелген жұмыс, көрсетілген қызмет үшін есептелген еңбекақы мөлшерінің қосындысын табу арқылы;
- E. еңбек көрсеткіштерінің қосындысын табу арқылы.

40. Сатылған өнім, көрсетілген қызмет үшін ақша аудару қандай бухгалтерлік жазумен көрсетіледі?

- A. Дт 6310 Кт 1040;
- B. Дт 8510 Кт 1040;
- C. Дт 1040 Кт 1010;
- D. Дт 1040 Кт 2410;
- E. Дт 1040 Кт 4110.

41. Дт сч 3130 Кт сч 1040 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. есеп айырысу шотынан еншілес кәсіпорындарға ақша қаражатын аудару;
- B. бюджетке есеп айырысу шотынан ақша қаражатының аударылуы;
- C. қосымша құнға салынған салық сомасы есеп айырысу шотынан аударылды;
- D. заңды тұлғалардан бюджетке салық сомасы аударылды;
- E. жабдықтаушыға алынған құндылықтар үшін ақша қаражаты аударылды.

42. Бухгалтерлік есепте өлшегіштердің қандай түрлері қолданылады?

- A. натуралдық, ақшалай, еңбектік;
- B. уақыттық, ақшалай, көлемді;
- C. даналық, натуралды, сағаттық;
- D. натуралдық, көлемді, ақшалай;
- E. ақшалай, сағаттық, еңбектік.

43. Дт 1010 Кт 6010 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. кәсіпорын қызметкерлеріне ақша қаражатының төленуі;
- B. сатылған дайын өнім үшін қолма-қол ақшаның түсімі;
- C. кассадан еңбекақыға ақша қаражатының төленуі;
- D. кассаға есеп айырысу шотынан ақша қаражатының түсімі;
- E. кассадан қызметкерлерге сыйақының төленуі.

44. Ұзақ мерзімді пайдаланылатын, ақшалай құны бар және кәсіпорынға пайда әкелетін, бірақ физикалық негізі жоқ актив түрі не деп аталады?

- A. қаржы салымы;
- B. айналым құралдары;
- C. материалдық емес активтер;
- D. негізгі құралдар;
- E. негізгі қорлар.

45. Банк зайымының есеп айырысу шотына түсімін қандай бухгалтерлік жазумен көрсеткен жөн?

- A. Дт 1010 Кт 1050;
- B. Дт 1010 Кт 1020;
- C. Дт 1010 Кт 1040;
- D. Дт 1040 Кт 3010;
- E. Дт 4320 Кт 1050.

46.Баланс активінде қандай мүлік көрсетіледі?

- A. ұзақ және қысқа мерзімді пассивтер;
- B. жеке капитал және салымдар;
- C. ұзақ және қысқа мерзімді активтер;
- D. дебиторлық және кредиторлық қарыздар;
- E. жеке капитал және міндеттемелер.

47.Дайын өнімді сатумен айналысатын қызметкерлерге еңбекақыны есептеу қандай бухгалтерлік жазумен көрсеткен жөн?

- A. Дт 1050 Кт 3350;
- B. Дт 1040 Кт 3350;
- C. Дт 1010 Кт 3350;
- D. Дт 7110 Кт 3350;
- E. Дт 24200 Кт 14200.

48.Қызметкерлердің еңбек демалысына есептелетін еңбекақының есебі қай есеп шотта жүргізіледі?

- A. 1350 есеп шотта;
- B. 6820 есеп шотта;
- C. 6830 есеп шотта;
- D. 3350 есеп шотта;
- E. 3390 есеп шотта.

49.Шаруашылық есептің қандай түрлері болады?

- A. бухгалтерлік, статистикалық, талдау;
- B. статистикалық, жедел, бухгалтерлік;
- C. ақшалай, статистикалық, жедел;
- D. статистикалық, есептік, қорытынды;
- E. есептік, ақшалай, материалдық.

50.Дт 7210 Кт 3350 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. ақау шыққан өнімді түзету мен айналысатын жұмысшылардың еңбек ақысын есептеу;
- B. қосымша өндіріс қызметкерлеріне еңбекақы есептеу;
- C. негізгі өндіріс қызметкерлеріне еңбекақы есептеу;
- D. жалпышаруашылық және әкімшілік қызметкерлеріне еңбекақы есептеу;
- E. кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне еңбекақы есептеу.

51.Негізгі өндіріс қызметкерлеріне еңбек демалысына резервтік қор құру қандай бухгалтерлік проводкамен бейнеленеді.

- A. Дт 9400 Кт 3350;
- B. Дт 8010 Кт 3350;
- C. Дт 7110 Кт 3350;
- D. Дт 2930 Кт 3350;
- E. Дт 8030 Кт 3350.

52. Кассаға ақша қаражатын қабылдау қандай құжатпен рәсімделеді?

- A. касса кітабімен (ф. КО-1);
- Б. шығыс касса ордерімен (КО-2);
- С. кіріс касса ордерімен (ф. КО-1);
- D. кіріс және шығыс касса ордерлердің тіркеу журналы (ф. КО-4);
- Е. төлем тапсырмасымен.

53. Егер теңгенің құны шетел валютасының құнына қарағанда төмен болған жағдайда курстық айырма сомасына келесі бухгалтерлік проводка беріледі:

- A. Д-т 1020 К-т 6250.
- В. Д-т 1020 К-т 7430
- С. Д-т 1050 К-т 7430
- D. Д-т 1050 К-т 3350.
- Е. Дт 1040 Кт 1010.

54. Калькуляция-бухгалтерлік есеп әдісінің бірі ретінде нені білдіреді?

- A. өндірілген өнім, көрсетілген қызмет, істелген жұмыстың өзіндік құнын табу әдісі;
- В. қолда бар мен құжатта көрсетілген мүлікті салыстыру әдісі;
- С. бухгалтерлік мәліметтерді ақшалай құнмен көрсету әдісі;
- D. барлық шаруашылық операцияларды натуралдық өлшеммен көрсету әдісі;
- Е. бухгалтерлік мәліметтердің бағалану әдісі.

55. Шаруашылық операциялардың бухгалтерлік есеп шоттарына тіркелуі не деп аталады?

- A. хронологиялық жазулар;
- В. мемориалдық ордерлер;
- С. жүйелік жазулар;
- D. синтетикалық жазулар;
- Е. жалпы жазулар.

56. Дт 1010 Кт 1040 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. кассадағы ақша қаражаты банктегі есеп айырысу шотына тапсырылды;
- В. банктегі есеп айырысу шотынан кассаға еңбекақы төлеу үшін ақша қаражаты келіп түсті;
- С. сатылған өнім үшін кассаға қолма-қол ақша қаражаты келіп түсті;
- D. есеп айырысу шотынан дебиторлық қарыздар төленді;
- Е. кәсіпорын персоналына еңбекақы есептелді.

57. Егер теңгенің курстық бағамы шетел валютасына қарағанда жоғары болса курстық айырма сомасына келесі бухгалтерлік проводка беріледі:

- A. Дт 1020 Кт 6250;
- В. Дт 7430 Кт 1020;
- С. Дт 6250 Кт 1020;
- D. Дт 1020 Кт 7430;

Е. Дт 3450 Кт 2420.

58. Типтік шоттар жоспары дегеніміз не?

- А. әр шаруашылық операцияны, шаруашылық құралдарды және олардын алынар көзін жүйеліп көрсетіп жазу;
- В. шоттардың белгілі бір ережеге сәйкес номерлері бойынша жасалған (орналастырылған) тізім;
- С. шаруашылық процестерді бір жүйеде көрсетіп жазу;
- Д. бухгалтерлік құжат ретінде пайдаланылатын шоттар жүйесі;
- Е. бухгалтерлік құжатпен ресімделген әр шаруашылық операция.

59. Валюталық шоттардан қолма-қол ақша қаражатының түсімі қандай бухгалтерлік проводкамен көрсетіледі?

- А. Дт 1020 Кт 1050;
- В. Дт 1010 Кт 1040;
- С. Дт 1050 Кт 1020;
- Д. Дт 1040 Кт 1010;
- Е. Дт 1040 Кт 14200.

60. Дт 1070 Кт 3010 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- А. сатылған өнім, көрсетілген қызмет, істелген жұмыс үшін ақша қаражатының түсімі;
- В. сатып алушы мен тапсырыс берушілерден ақша қаражатының түсімі;
- С. кассаға қызметкерлерге еңбекақы түлеу үшін ақша қаражатының түсімі;
- Д. бюджетке салық сомаларын төлеу;
- Е. есеп айырысу чек кітапшаларына банк несиесі келіп түсті.

61. Егер банк қателесіп есеп айырысу шотына ақша қаражатың түсірген жағдайда қандай бухгалтерлік жазу берілуге тиісті?

- А. Дт 1040 Кт 1010;
- В. Дт 1040 Кт 3390;
- С. Дт 1280 Кт 1040;
- Д. Дт 1040 Кт 1280;
- Е. Дт 1040 Кт 14200.

62. Активтік шоттарда жазу тәртібі қандай:

- А. дебет бойынша шоттардың өсуі, кредит бойынша кемуі көрсетіледі;\*
- В. дебет бойынша шоттардың кемуі, кредит бойынша өсуі көрсетіледі;
- С. дебет бойынша, кредит бойынша шоттардың өсуі көрсетіледі;
- Д. дебет бойынша, кредит бойынша шоттардың кемуі көрсетіледі;
- Е. дебет және кредит бойынша шоттардың біржолғы өсіп-кемуі көрсетіледі.

63. Егер бухгалтерлік проводкаларда және есептік регистрлерде шоттар корреспонденциясы дұрыс беріліп, бірақ шаруашылық операция сомасы кем берілген жағдайда, бұндай қателікті түзетуге қандай тәсіл қолданады?

- A. «қызыл сторно» тәсілі;
- B. қосымша проводка тәсілі;
- C. корректуралық тәсіл;
- D. ордерлік тәсіл;
- E. журналдық тәсіл.

64. Кәсіпорынның таза активтері неге тең?

- A. активтер+міндеттемелер;
- B. активтер-міндеттемелер;
- C. активтер+жеке капитал;
- D. жеке капитал+ міндеттемелер;
- E. жеке капитал- міндеттемелер.

65. Чек дегеніміз не?

- A. шот иесінің банк мекемесіне берген бұйрығы;
- B. шот иесінің кассадағы қалдық сомаларын банк мекемесіндегі есеп айырысу шотына түсіру жөнінде берген бұйрығы;
- C. шот иесінің банк мекемесіне есеп айырысу шотынан еңбекақы, іс-сапар және басқа да шығындарға жаратуға қолма-қол ақша қаражатын босатуға берген бұйрығы;
- D. есеп айырысу чегіне ақша қаражатын түсіру жөнінде банк мекемесіне берген бұйрығы;
- E. жабдықтаушы кәсіпорынның есеп айырысу шотына ақша қаражатын түсіру жөнінде банк мекемесіне берілген бұйрық.

66. Дт 3310 Кт сч 1040 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. есеп айырысу шотына ақша құралдарының түсімі;
- B. банктегі арнаулы шоттарға ақша қаражатының түсімі;
- C. сатып алынған өндірістік қорлар, көрсетілген қызмет, істелген жұмыс үшін жабдықтаушыларға ақша қаражаты аударылды;
- D. негізгі қызмет бойынша шығындар есеп айырысу шотына есепке алынды;
- E. өндіріс жұмысшыларына еңбекақы есептелді.

67. Құрылыс жұмысшыларына еңбекақы есептеу қандай бухгалтерлік проводкамен көрсетіледі?

- A. Дт 9520 Кт 3350;
- B. Дт 3350 Кт 1010;
- C. Дт 1040 Кт 3350;
- D. Дт 2930 Кт 3350;
- E. Дт 3350 Кт 7210.

68. Дт 3380 Кт 3350 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. есептелген еңбекақы сомасынан есеп беруге тиісті сомаларды ұстап қалу;
- B. демалыс күндеріне еңбекақы есептеу;
- C. әлеуметтік сала қызметкерлеріне еңбекақы есептеу;



- D. есептелген еңбекақыдан табыс салығын ұстап қалу;
- E. есептелген еңбекақыдан зейнетақы қорына ұстаулар жүргізу.

69. Өндіріс жұмысшыларына демалыс күндеріне еңбекақы есептеуді қандай бухгалтерлік жазумен көрсеткен жөн?

- A. Дт 2930 Кт 3350;
- B. Дт 7110 Кт 3350;
- C. Дт 8010 Кт 3350;
- D. Дт 9400 Кт 3350;
- E. Дт 1040 Кт 1010.

70. Дт 7210 Кт 3350 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. лауазымды тұлғаларға есептелген еңбекақы;
- B. негізгі өндіріс жұмысшыларына есептелген еңбекақы;
- C. табысқа салынған салық сомасы;
- D. еңбекақыдан басқа да сомаларды ұстап қалу;
- E. әлеуметтік сфера қызметкерлеріне еңбекақы есептеу.

71. «Дайын өнімді сатудан түскен табыс кассадан есеп айырысу шотына тапсырылды» деген шаруашылық операцияға шоттар корреспонденциясын құрыңыз:

- A. Дт 3350 Кт 6830;
- B. Дт 3350 Кт 3350;
- C. Дт 9400 Кт 3350;
- D. Дт 1040 Кт 1010;
- E. Дт 1010 Кт 1040.

72. Банктен есеп айрысу шотын ашқан кезде тапсырылатын құжаттар қатарына қайсысы жатпайды?

- A. шот ашуға өтініш;
- B. мөр таңбасы мен қолдардың үлгісі бар карточка;
- C. мемлекеттік тіркеуден өту жөнінде куәлік көшірмесі;
- D. төлем талабы;
- E. салық органдарының субъектіні салық есебіне қою жөнінде анықтама.

73. Еншілес және тәуелді серіктестерден алынған және кірістелген материалдар бухгалтерлік есептің шоттарында қалай көрсетіледі?

- A. Д-т 1310 К-т 3320;
- B. Д-т 2420 К-т 4210;
- C. Д-т 2420 К-т 3390;
- D. Д-т 2420 К-т 3350;
- E. Д-т 3390 К-т 2420;

74. Баланстың пассив бөлігінде қандай мәлімет ашылып көрсетіледі?

- A. болашақ кезең шығындары;
- B. жеке капитал, ұзақ және қысқа мерзімді міндеттемелер;
- C. қаржы салымдары;
- D. табыстар және шығындар;
- E. ұзақ және қысқа мерзімді активтер.

75. Бухгалтерлік шоттар дегеніміз не?

- A. кәсіпорынның шаруашылық қызметін басқарып отыру үшін шаруашылық құралдары мен қорлану көздерін белгілі бір ұқсастықтарына қарай біріктіріп, олардың орындалған операция әсерінен өзгеріске ұшырауын есептеп отыратын ақпаратты мәліметтер әдісі;
- B. кәсіпорын активтерімен олардың қорлану көздерін белгілі бір мезгілге бір жүйеге келтіріп, ақшалай өлшем түрінде теңестіріліп екі жақты кестеде бейнелеу әдісі;
- C. есептік мәліметтерді тіркеу, талдау, есептік регистрлерге жазу әдісі;
- D. кәсіпорындағы мүліктердің және мәліметтердің құнын ақшалай өлшемге теңестіріп есептеу әдісі;
- E. барлық шоттар мен субшоттар тізімінің әдісі.

76. Әртүрлі кәсіпорындар мен мекемелерде біртектес шаруашылық операцияларды жүргізуге арналған құжаттар жиынтығы не деп аталады?

- A. құжатайналымы;
- B. стандартизация;
- C. унификация;
- D. реквизиттер;
- E. шоттар жоспары.

77. 1040 есеп шотта жазулар қандай құжаттар негізінде жүргізіледі?

- A. бухгалтерия анықтамасы негізінде;
- B. кассалық ордерлер негізінде;
- C. төлем тапсырмасы негізінде;
- D. бастапқы құжаттар тіркелген банк көшірмесі негізінде;
- E. касса кітабы негізінде.

78. Валюталық шоттағы ақша қаражаттарының есебі қай шотта жүргізіледі?

- A. 3350 есеп шотында;
- B. 1040 есеп шотында;
- C. 1010 есеп шотында;
- D. 1050 есеп шотында;
- E. 1420 есеп шотында.

79. Есеп айырысу шотынан кассаға қолма-қол ақшаның келіп түсуі қандай бухгалтерлік жазумен бейнеленеді?

- A. Д-т 1010 К-т 1040;
- B. Д-т 1010 К-т 1250;
- C. Д-т 1010 К-т 1050;
- D. Д-т 1010 К-т 6250;
- E. Д-т 1040 К-т 1420.

80. Төлем талабы дегеніміз не?

- A. чек кітапшасындағы соманы шот иесіне аудару жөнінде берілген банк мекемесіне бұйырық;
- B. қома-қол ақша қаражатын банктегі шотқа түсіру жөнінде банк мекемесіне берілген бұйырық;
- C. алушының шотына көрсетілген соманы аудару жөнінде банк мекемесіне шот иесінің берген бұйырығы;
- D. көрсетілген соманы шот иесінің түсіру жөнінде бұйырығы;
- E. депозиттік шотқа ақша аудару жөнінде берілген бұйырық.

81. Д-т 2700 К-т 1040 шаруашылық операциясы нені білдіреді?

- A. есеп айырысу шотына тапсырыс берушілерден ақша қаражаты түсімі;
- B. есеп айырысу шотына кассадан ақша қаражаттарының түсімі;
- C. сатылған өнім, көрсетілген қызмет, істелген жұмыс үшін ақша қаражаттарының түсімі;
- D. есеп айырысу шотынан ақша қаражаттары төленді;
- E. есеп айырысу шотынан сатып алынған материалдық емес активтер үшін ақша аударылды.

82. Келесі шаруашылық операцияны қандай бухгалтерлік жазумен көрсеткен жөн: «Есеп беруге тиісті адамға кассадан іссапарға баруға қолма-қол ақша берілді»

- A. Д-т 7210 К-т 3350;
- B. Д-т 8030 К-т 3350;
- C. Д-т 8010 К-т 3350;
- D. Д-т 9400 К-т 3350;
- E. Д-т 1250 К-т 1010.

83. Жинақтамалық (синтетикалық) шоттардағы мәліметтерді толық және жан-жақты ашып көрсетуге арналған шоттар не деп аталады?

- A. негізгі;
- B. активті;
- C. топтамалық;
- D. талдамалық (аналитикалық);
- E. пассивтік.

84. Келесі шаруашылық операцияны қандай бухгалтерлік жазумен көрсеткен жөн: «Жабдықтаушылардан алынған материалдық құндылықтар үшін есеп айырысу шотынан ақша қаражаты аударылды».

- A. Д-т 1420 К-т 1010;
- B. Д-т 3390 К-т 1010;
- C. Д-т 1420 К-т 1050;
- D. Д-т 3390 К-т 1040
- E. Д-т 1310 К-т 1040;

85.  $S_k = S_n + O_d - O_k$ . Бұл формула қандай жағдайда дұрыс болып саналады?

- A. контрактивтік шоттар үшін;
- B. активтік шоттар үшін;
- C. пассивтік шоттар үшін;
- D. жағдайлық шоттар үшін;
- E. синтетикалық шоттар үшін.

86. Берілген мүліктердің ішінде кәсіпорынның ұзақ мерзімді активтерің атап көрсетіңіз:

- A. шаруашылық қорлар, тауарлар, дайын өнімдер;
- B. негізгі құралдар, ұзақ мерзімді салымдар, материалдық емес активтер;
- C. ұзақ және қысқа мерзімді салымдар;
- D. ақша құралдары, төленбеген вексельдер;
- E. тауарлы-материалдық қорлар, ақша құралдары, кассадағы, есеп айырысу шотындағы ақша қаражаттары.

87. Жұмысшылар мен қызметкерлерге есептелетін еңбекақы екі түрге бөлінеді:

- A. негізгі және қосымша
- B. жай мерзімді және мерзімді сыйлықты;
- C. тікелей кесімді және аккордтық;
- D. тікелей кесімді және жанама кесімді;
- E. жай кесімді және кесімді сыйлықты.

88. Берілген активтерге тән жалпы атау беріңіз: гудвилл, патенттер, сауда белгілері, тауарлық маркалар, лицензиялық келісімдер, «НОУ-ХАУ», ұйымдастыру шығындары.

- A. қаржы инвестициялары;
- B. материалдық емес активтер;
- C. негізгі құралдар;
- D. болашақ кезең шығындары;
- E. табыстар.

89. Бухгалтерлік есептің қай құжаттарында түзету жүргізуге болмайды?

- A. журнале-ордерлерде, ведомостерде;
- B. Бас кітапта;
- C. айналым ведомостерінде;
- D. банк құжаттарында және кейбір кассалық құжаттарда (кіріс және шығыс касса ордерлерінде);
- E. есептік регистрлерде.

90. Есеп айырысу шотынан жабдықтаушылар мен мердігерлерге аванс ретінде ақша қаражаттары төленді. Бұл шаруашылық операция қандай бухгалтерлік жазбамен бейнеледі?

- A. Д-т 3310 К-т 1040;
- B. Д-т 1010 К-т 1040;

- C. Д-т 3010 К-т 1040;
- D. Д-т 1420 К-т 1040;
- E. Д-т 3210 К-т 1040.

91. Д-т 7430 К-т 1050 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. валюталық шоттан бюджетке төлемдер төленді;
- B. валюталық шотқа сатылған мүнім үшін түскен тілемдер;
- C. теріс бағамдық айырмаға байланысты шеккен шығын сомасына;
- D. оң бағамдық айырмаға байланысты алынатын табыс сомасына;
- E. қоюшыларға есеп айырысу шотынан ақша қаражатын аудару.

92. Түгендеу кезінде артық шыққан ақша қаражаттары келесі бухгалтерлік жазумен кіріске алынады:

- A. Д-т 1250 К-т 1010,1020;
- B. Д-т 1010 К-т 1040;
- C. Д-т 1010,1020 К-т 6200;
- D. Д-т 1040 К-т 1010;
- E. Д-т 3350 К-т 1010.

93. Бухгалтерлік құжаттарды қандай қасиеті бойынша жіктеуге болады?

- A. мақсаты бойынша, құрастырылған орнына байланысты, көрсету тәсілі, операция мазмұнының көлемі бойынша;
- B. бастапқы және жиынтық;
- C. ішкі және сыртқы құжаттар;
- D. біржолғы және көпжолғы;
- E. кіріс және шығыс құжаттары.

94. Негізгі құралдардың бағалау әдістеріне қайсысы жатады?

- A. ФИФО, ЛИФО, орташа құн әдістері;
- B. бастапқы, баланстық, ағымды, жойылу;
- C. есептік, бастапқы, орташа құндық;
- D. түгелдей идентификация, ФИФО, ЛИФО;
- E. ұзақмерзімді, ортамерзімді, қысқамерзімді.

95. Банк қателесіп есеп айрысу шотынан шығынға шығарған сомаларды бухгалтерлік есепте қандай жазумен көрсетеді?

- A. Дт 1280 Кт 1040;
- B. Дт 1040 Кт 1280;
- C. Дт 1040 Кт 3390;
- D. Дт 3390 Кт 1040;
- E. Дт 1040 Кт 1010.

96. Кәсіпорын міндеттемелеріне не жатады?

- A. есеп айырысу шотынан шыққан шығын сомалары;
- B. есеп айырысу шотының көшірмесі;

- C. есеп айырысу шотына түскен түсімдер;
- D. бухгалтерия анықтамасы;
- E. банк несиелері.

97. Дт 3310 К-т 1050 шоттар корреспонденциясы нені білдіреді?

- A. есеп айырысу шотынан аккредитив қойылды;
- B. банк несиесі арқылы аккредитив ашылды;
- C. қойылған тауар-материалдық құндылықтар, көрсетілген қызмет, істелген жұмыс үшін валюталық шоттан шетел фирмаларының қойылған шот-фактуралары төленді;
- D. есеп айырысу шотына пайдаланбаған аккредитив сомалары қайтарылды;
- E. есеп айырысу шотына кассадан ақша қаражаты келіп түсті.

98. Жұмыс уақытын пайдалану есебі қандай есептік регистрде жүргізіледі?

- A. жұмыс уақыты есебінің табелі
- B. бірыңғай тарифтік сетка бойынша;
- C. жеке карточкаларда;
- D. еңбекақы есептеу ведомостінде;
- E. касса кітабында.

99. Жарғылық қорға салым ретінде келіп түскен негізгі құралдарға қандай бухгалтерлік проводка беріледі?

- A. Дт 8030 Кт 3350;
- B. Дт 9320 Кт 3350;
- C. Дт 8010 Кт 3350;
- D. Дт 3350 Кт 9320;
- E. Дт 2410 Кт 5020.

100. Теріс бағам айырмасының есебі қай есептік шотта жүргізіледі?

- A. 1230 есеп шотта;
- B. 2410 есеп шотта;
- C. 6250 есеп шотта;
- D. 7430 есеп шотта;
- E. 1040 есеп шотта.

Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 47 бет 3,9 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 32 ш/а.

